

ЛЕНИН ТУУ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№135 (9453)

1954

жылғы

9

июль

Жұма

Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне ССР Одағының Министрлер Советіне

ССР Одағының тұтынушылар кооперациясы уәкілдерінің IV съезі тұтынушылар кооперациясының 33 миллион мүшелері атынан Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советіне шын жүректен жалынды сәлем жолдайды.

ССР Одағының тұтынушылар кооперациясы уәкілдерінің IV съезінің делегаттары Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің құттықтауын зор қуанышпен қарсы алды, бұл құттықтауда тұтынушылар кооперациясының елімізде социализм орнату ісіндегі қала мен деревня арасында экономикалық байланыстарды ұлғайтудағы, совет саудасын өркендетіп, шығайтудағы ролі мен маңызы жоғары бағаланды. Партияның Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің құттықтауында селодағы негізгі сауда ұйымы—тұтынушылар кооперациясын оған әрі өркендету программасы белгіленіп берілді.

Партия мен үкметтің құттықтауымен жігерленген совет кооператорлары колхозшылардың, село интеллигенциясының, совхоз және МТС жұмысшыларының халық тұтынатын товарлар жөніндегі және колхоздардың өндіріс пен шаруашылыққа керекті товарлар жөніндегі өсіп отырған тілектерін мүмкін болғанынша неғұрлым толық және жақсы қанағаттандыру үшін өздерінің барлық күшін жұмсайды.

Жарнашылардың сан миллиондаған бұқарасы мен тұтынушылар кооперациясының қызметкерлері совет халқының социалистік Ұлы Отанды көркейте беру жолындағы, елімізде коммунизм орнату жолындағы күресінде Коммунистік партияның басшылық етуші, дем беруші және ұйымдастырушы ұлы күш екенін көріп отыр.

Тұтынушылар кооперациясы уәкілдерінің IV съезі кооператив ұйымдары мен кәсіпорындарының соңғы жылдардағы жұмысының қорытындыларын шығарып, сын мен өзара сын негізінде олардың жұмысындағы елеулі кемшіліктерді ашты және тұтынушылар кооперациясының жұмысын жаңа, бұрынғыдан да төрі жоғары дәрежеге көтеруді көздеген практикалық шаралар белгіледі.

Село халқының халық тұтынатын товарлар жөніндегі, ал колхоздардың—өндіріс пен шаруашылыққа керекті товарлар жөніндегі тілектерін неғұрлым толық қанағаттандыруға күнбе-

жүн қамқорлық жасауды өздерінің ең бірінші міндеті деп танып, тұтынушылар кооперациясының қызметкерлері селодағы сауданы барынша жақсартуға, халық пен колхоздарға қажетті товарлардың үздіксіз сатылып тұруын қамтамасыз етуге, деревняға жеткізілетін товарлардың сапасын арттыра беруге, қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының жүйелерін ұлғайтып, олардың жұмыс сапасын жақсартуға, халыққа қызмет ету мәдениетін арттыруға барлық күштерін жұмсайды.

Тұтынушылар кооперациясының қызметкерлері ауылшаруашылық өнімдері мен шикізат дайындауды және сатып алу-ды ұйымдастыру ісін түбірімен жақсартуды қамтамасыз етеді, колхоздар мен колхозшылардың өз өнімдерін өткізуіне барынша көмектеседі, сөйтіп ауыл шаруашылығының барлық салаларын оған әрі өркендетуге және еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын арттыруға көмектесіп отырады.

Тұтынушылар кооперациясының алдына қойылған міндеттерді ойдағыдай шешу үшін кооператив ұйымдары өз жұмысын түбірімен жақсартуды көздейді, кооператив кадрларын халыққа жан-тәнімен қызмет ету рухында тәрбиелеп, кооператив демократиясының принциптерін қатаң сақтайды, жарнашылардың талапшылдығын, олардың өз кооперативтерінің жұмысына басшылық етіп, бақылау жасаудағы белсенділігін арттырып отырады. Басшылық етудің кеңесшілік-бюрократтық әдістерін батыл жойып отырады.

ССР Одағының тұтынушылар кооперациясы уәкілдерінің IV съезі тұтынушылар кооперациясы өзіне жүктелген зор және жауапты міндеттерді аброймен орындайды деп, коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте совет халқының материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін оған әрі арттыра беруде партия мен үкметке бұрынғыдан да төрі белсене көмектесіп отырады деп, Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советін өнедіреді.

Совет халқының коммунизм орнату жолындағы күресінде дем беруші және басшылық етуші ұлы күш—Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

Біздің туысқан Совет Үкметіміз жасасын!

Біздің қуатты Отанымыз—Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

ССР Одағының тұтынушылар кооперациясы уәкілдерінің IV съезі.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне, ССРО Одағының Министрлер Советіне ССРО тұтынушылар кооперациясы уәкілдері IV съезінің құттықтауы (1-бет).

ШӨП ШАБУ МЕН ЖЫЙНАУ ЖҰМЫСТАРЫ АРАСЫНДА АЛШАҚТЫҚ БОЛМАСЫН. Б. Жақыпов. — Берекесіз жұмыс, жалған мәлімет. В. Лизун. — Көлік шөп машиналары да пайдаланылсын. Е. Құрманқұлов. — Мал азығының берік қорын жасаймыз (1-бет).

СОВЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ: Жергілікті бюджет халық игілігіне жұмсалды. М. Нұрғожин. — Қала еңбекшілерінің патриоттық ісі (2-бет).

И. Павлов. — Тұтынушылардың шағым-арыздарына жете көңіл бөлінсін (2-бет).

ОҚУ ҮНІ—АУЫЛ-СЕЛОДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ. М. Зағыпаров. — Оқу үйінің бүгінгі міндеттері. А. Ибрагимов. — Біздің міндетіміз. Н. Стадникова. — Колхозшыларда мәдениетті қамтыймыз. М. Жарасов. — Колхоз клубында. (3-бет).

З. Қасқеев. — Қоғамдық малға жайлы қора керек. (3-бет). С. Шевченко. — Жаңа оқу жылына мектептерді үлгілі әзірлейік (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Шөп шабу мен жыйнау жұмыстары арасында алшақтық болмасын

Берекесіз жұмыс, жалған мәлімет

Коныхов ауданында қоғамдық мал са- ны өткен жылмен салыстырғанда едәуір көбейді. Осыған байланысты мұнда көзір мал азығын дайындаудың барысы қалай деген заңды сұрақ туады. Демек, малдың көбеюіне сәйкес мал азығын дайындау ісі де кең өріс алуға тиіс.

Бірақ, істің жайы бұл тілекке сай бол- май отыр. Алдымен көп колхоздар шөп шабуға толық дайындалмай кірісті. Оның үстіне оларда шөп шабудың барысы өте- мөте баяу. Бұған колхоз басшылары ғана емес, МТС басшылары да кінәлі екендігін атап айтуымыз керек. Өйткені, МТС-тер- дегі шөп шабуға, оны жыйнауға тиіс техниканың бірқатары әлі күнге жұмысқа толық қосылмай отыр.

Чистян және Суворов атындағы МТС- тердің басшылары (директорлары Галай, Верткин жолдастар) мал азығын дайындау сияқты маңызды жұмысқа жауапсыз қарайды. Бұл МТС-терде мастерскойлардың жанында жөндемей жатқан шөп машиналары аз емес. Мәселен, Чистян МТС-нің мастерскойы жанында тракторға тіркелетін 12, өздігінен жүретін 3 шөп машинасы жөнделместен тұр. Жаңадан келген 4 шөп маялағыш колхоздарға жі- берілмеген. Екі шөп жыйнағыштың іске пайдаланылмай жатқанына үшінші жыл. Осылай бола тұрса да, МТС басшылары колхоздарда шөп шабу, жыйнау, маялау жұмыстарының өте сылбыр болып отыр- гандығын «бізде техника жеткіліксіз» деп дәлелдегісі келеді.

Колхоздарға жіберілген машиналардың көбі өнімсіз пайдаланылып жүр. Егер Чистян МТС-і қамтуындағы колхоздарға жіберген машиналар дұрыс пайдала- нылса, онда әр күн сайын кемінде мың гектардан астам жердің шөбі шабылған болар еді. Ама! не, МТС көлемінде күніне небары 400-500 гектардан артық шөп шабылмайды. «Красная крепость» колхо- зындағы кеңалымды екі машина тіркесу үзбесінің жоқтығынан бүгінге дейін жұ- мысқа қосылмай тұр. Екі тырнауыш сап- сасыз жөндегендіктен қайрадан жөндеу-

шүкке бөлісінің бірі жөнделіп біткен жоқ. Мәліметте 120 көлік машинасы жөндеді делінген. Мұның өзі де күдікті цифр. «Жаңа тұрмыс» колхозында 12 көлік машинасының бесеуі, 9 тырнауыштың 4-і ғана жөндеген. Жөндеген көлік ма- шинасының бірде-біреуі жұмысқа қосыл- ған жоқ. Бұған егіс бригадасының брига- дирлері Д. Таубаев, А. Жапанбаев жол- дастар «көлік жетпейді» дегенді айтады. Ал, колхоз председатели Б. Шәріпов, пар- тия ұйымының секретары Қ. Салахутди- нов жолдастар пішен шабу жұмысын қы- зу қарқымен жүргізудің орнына пішен- пілер арасында болған емес. Қ. Салахут- динов жолдас шөптің қай жерде шабылып жатқандығын да білмейді.

Суворов МТС-нің қамтуындағы «Ис- кра», «Болос» колхоздарында да көлік машиналары толық жөнделіп болмаған. Жөндеген машиналардың бірде-біреуі жұмысқа қосылмаған көрінеді. Бұл кол- хоздың басшылары мал азығын дайындау жұмысын тек МТС орындап беруге тиіс деп, өздеріндегі күшті пайдаланбай отыр.

Ауданда шөп шабу, оны маялау ара- сында үлкен алшақтық бар. «Пролетар- ское знамя» колхозында 440 гектар ша- былған шөптің 32 гектары, «Путь Ильи- ча» колхозында 400 гектар шөптің 35 гектары, «Большевик» колхозында 275 гектар шөптің 25 гектары ғана маяла- ған. Бұларда маялап жатқан шөптің жауын-шашынға тиіп, күнге құрап, сап- сасы кемі бастаған.

Чистян МТС-нің басшыларындағы бір сорақылық мынау: мұнда пішен шабу жұмысына нақтылы басшылық етудің орнына, істелмеген жұмысты істелді деп жалған мәлімет беру, көз бояушылыққа салыну фактілері бар. МТС-тің 30 июнь- дегі мәліметі бойынша, Куйбышев атында- ғы колхозда 350 гектар шөп шабылды делінген. Анығында мұнда 3 июльге дейін бар болғаны 202 гектар жердің ғана шөбі шабылған. Жалған мәлімет беру аталған колхоздың председатели Г. Ста- ценко жолдас үшін де үлкеншікті әдет. МТС басшылары «Жаңа ұрпақтың

Мал азығының берік қорын жасаймыз

Быйыл біздің бригада жоспар бойынша 2 мың гектар шабындық жердің шөбін шауып, оны жыйнауға тиіс. Пішен дайындау үшін бригаданың қамтуына үш кеңалымды шөп машинасы, бір трактор тырнауышы, бір шөп маялағыш және басқа құрал-саймандар берілді. Колхозшылар осы күшті өнімді пайдалана отырып, алған міндеттемелерін аброймен орындау жолында қажырлы еңбек етуде.

Пішеншілер шөп шабу науқанының ал- ғашқы күндерінен бастап өзара социалис- тік жарысты қеңінен өрістете отырып, кейбір табыстарға жетісуде. Мәселен, ма- шинашы Аманбаев, оның көмекшісі Тин- тыбаев жолдастар күніне 20 гектар ор- нына, 25-30 гектар жердің шөбін шауып жүр. Олар күндік тапсырмаларын үнемі асыра орындай отырып, көзірдің өзінде 780 гектар жердің пішенін шапты.

Бригада мүшелері шөп шабу жұмысы- мен бірге, шабылған шөпті жыйнау, мая- лау жұмыстарын да ұйымшылдықпен жүргізуде. Бұл жұмыстағы егішілеудің көбі өздерінің нормаларын толық және арғығымен орындауда. Трактор тырна- уышымен шөп жыйнаушы Бсқаков жол- дас күніне 40 гектар шөп жыйнаудың орнына, 50-55 гектардан шөп жыйнауда. Сол сияқты шөп маялайтын машинашы машинанысы Ақметжанов, маяшылар Хасе- нов, Қожабеков, Мейрамова, Әлімбаева жолдастар күн сайын 350 центнер шөп маялап, күндік тапсырмаларын 110-115 проценттен орындап келеді. Соның нәти- жесінде олар он күн ішінде 4 мың цент- нерге жуық шөп маялады.

СОКП Орталық Комитеті июль Плену- мының қаулысы пішеншілердің өнімді еңбек етуге деген жігерін арттыра түсті. Олар қаулыны талқылауға арналған жый- налыста, біздің колхозда жұмыс істейтін Торангүл МТС-нің механизаторларымен тығыз ынтымақтаса отырып, егін орағы басталғанға дейін бригада бойынша жем- шөп дайындау жоспарын 150 процент орындауға міндеттеме алды. Бұл күнәсі пішеншілер

КОМБАЙНШЫЛАР ЖАРЫСЫ

СОКП Орталық Комитетінің «1954 жылғы көктемгі егістің қорытындылары, егінді куту туралы, егін жыйнауға әзірлену және ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы» қаулысын бүкіл еліміздің ауыл шаруашылығы еңбекшілері асқан қанағаттанғандық сезіммен қарсы алды.

Совет адамдары ауыл шаруашылығының барлық саласын шұғыл өркендетудің айбынды программасы болып табылатын бұл тарихи қаулыны табысты жүзеге асыру жолында жанқиярлықпен еңбек етуде. Демек, СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы совет адамдарының, әсіресе, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің жаңа өндірістік өрлеуі мен саяси белсенділігін туғызды. Бұған Ставрополь өлкесіндегі Петров МТС-і комбайншыларының әрбір комбайн агрегатының күндік тапсырмаларды асыра орындауы үшін, астықты көп бастыруы үшін социалистік жарысқа шақырып, еліміздің барлық комбайншыларына, тракторшыларына, сонымен қатар, машиналарды қамтытын колхозшыларға арнап жазған хаты айқын дәлел бола алады.

«Біздің бастамамызды, — деп жазды ставропольдік комбайншылар, — еліміздің барлық комбайншылары, тракторшылары, сонымен қатар, машиналарды қамтытын колхозшылар қолдайды, сөйтіп, әрбір комбайн агрегатының тапсырмаларды күн сайын асыра орындауы және астықты көп бастыруы жолындағы жарысқа қосылады деп біз сенеміз. Егінді тез және ысырапсыз жыйнап алайық, ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру ісінде жаңа табыстарға жетіп, Отанымызды қуанышқа бөлейік».

Ставропольдіктердің бұл патриоттық бастамасын бүкіл елімізбен бірге біздің Солтүстік Қазақстан облысының барлық комбайншылары, тракторшылары және комбайн агрегаттарын қамтытын колхозшылары зор қуанышпен, қанағаттанғандық сезіммен, өндірістік өрлеу үстінде қарсы алды. Облысымыздың алдыңғы қатарлы комбайншылары, тракторшылары мен колхозшылары Ставрополь комбайншыларының игілікті бастамасына іспен жауап беру үшін өздеріне көтерілген міндеттемелер алып, еліміздің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жолындағы бүкілхалықтық күреске өздерінің үлестерін қосу үшін қажырлы еңбек етуде.

Интернационал МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері Петр Пономарев жолдас ставропольдіктердің хатын оқығаннан кейін өзі басқаратын комбайн агрегатының бүкіл мүшелерімен бірге жаңадан көтерілген міндеттеме алды. Комбайншы Пономарев жолдас өзінің редакцияға жолдаған хатында былай деп жазады: —Біз ставропольдіктердің еліміздің

барлық комбайншыларына арнап жазған хатын оқып, оған қызу үн қостық. Өзіміздің күш- мүмкіншіліктерімізді есептей отырып, бытыл қысқа мерзім ішінде кемінде 1500 гектар дөңді дақылдар егінін жыйнауға, сөйтіп, одан 14 мың центнер астық бастыруға көтерілген міндеттеме алдық.

Петропавл МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері Х. Шварц жолдас «Сталинец—6» қос комбайнымен бір маусымда 1500 гектар алаңның егінін жыйнап, кемінде 15 мың центнер астық бастыруға, күніне 50 гектар алаңның егінін жыйнап, кемінде 500 центнер астық бастыруға міндеттенді.

Сол сияқты, Асанов МТС-нің комбайншысы Н. Левлюх, Булаев МТС-нің комбайншысы М. Хаменко, Мамлют совхозының комбайншысы Е. Хрущев жолдасар және басқа озат комбайншылар да Ставрополь комбайншыларының патриоттық бастамасына жауап ретінде жаңадан көтерілген міндеттемелер алды.

Облысымыздың барлық комбайншыларының, тракторшылары мен комбайн агрегаттарын қамтытын колхозшыларының әрбір комбайн агрегатының күндік тапсырмаларды асыра орындауы үшін, астықты көп бастыруы үшін социалистік жарысты кең өрістетіп, бұл жолда келеді табыстарға жететіндігі сөзсіз.

Міндет —комбайншылардың, барлық механизаторлар мен колхозшылардың саяси және өндірістік өрлеуін бастай біліп, оларды облыс колхоз, совхоздарының алдында тұрған аса маңызды міндеттерді орындау күресіне белсене жұмылдыруда болып отыр. Көтерілген міндеттеме алу — игілікті істің бастамасы ғана. Алынған міндеттемені аброймен орындап шығу үшін бұл мақсатта көп күш- жігер жұмсау, қажырлы еңбек ету және ұйымдастыру жұмыстарын тыңғылықты жүргізу керек болады.

Комбайншылардың алған міндеттемелерін аброймен орындауын қамтамасыз етудің басты шарты —облыс МТС-тері мен совхоздарында барлық комбайндарды егін жыйнау маусымына толық әзір ету. Ал, облысымызда егін жыйнаудың басталуына онша ұзақ уақыт қалған жоқ. Солай бола тұрса да, облыс МТС-тері мен совхоздарында комбайндарды жөндеу жұмысының жайы мейлінше қанағаттанғысыз екендігін мойындауымыз керек. Облыс бойынша 1 июльге дейін комбайндарды жөндеу жоспары небары 34 процент ғана орындалды. Ильич атындағы, Тимирязев атындағы МТС-терде жағдай тіпті нашар. Бұл МТС-терде комбайн жөндеу жоспары 1 июльге дейін небары 7-8 процент ғана орындалған. Бұл МТС-тердің директорлары Букатин, Хлабыстов жолдасар аталған МТС-тердің қамтуындағы колхоздарда астық үшін күрестің тағдыры маши-

на -трактор станцияларының егін жыйнауға комбайндарды толық әзірлеуіне байланысты екендігін естен шығармай, бұл жөніндегі өздерінің жауапкершіліктерін ұмытып отыр.

Комбайндарды жөндеу жайы Чистяк, Преснов және Майбалық МТС-терінде де мүлде қанағаттанғысыз. Бұл жағдайға бұдан әрі төзуге болмайды. Бітік шыққан егіннен мол өнім жыйнап алу комбайн агрегаттарының өнімді жұмыс істеуіне байланысты екендігі мәлім. Олай болса, аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі секретарьлары, МТС директорлары мен партия ұйымдары, совхоз директорлары мен партия ұйымдары комбайндарды егін жыйнауға толық әзір ету үшін қажетті шешуші шараларды қолдануға тиіс.

Ең алдымен МТС-тер мен совхоздардың жөндеу мастерскойларында еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына жетісіп, әрбір жөндеуші механизатордың комбайндарды жөндеуде өнімді еңбек етуін қамтамасыз ету қажет. МТС-тер мен совхоздардың басшылары комбайндарды жөндеуді қарқынды жүргізуді қамтамасыз ету үшін бұл жұмысқа қосымша адамдар бөлуді қарастырған жөн.

Партия ұйымдары комбайндардың жөндеу барысын күнбе-күн бақылауға алып, механизаторларды бұл жұмыста жанқиярлықпен еңбек етуге жұмылдыра білуге міндетті. Партия ұйымдарының комбайндарды егін жыйнауға толық әзірлеуді қамтамасыз ету жолындағы басты міндеті —егін жыйнауға барлық жағынан тыңғылықты әзірлену жолындағы социалистік жарысты пәрменді ұйымдастыру, озат комбайн жөндеушілердің тәжірибелерін терең зерттеп, оларды көптің игілігіне айналдыру, сол сияқты, әрбір комбайнның кезінде және сапалы жөндеуіне жетісу.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумы белгілеген, егін жыйнауды табысты өткізуге бағытталған маңызды шаралардың бірі —партия және совет активінен әрбір 3-5 комбайнға бір ұйымдастырушы бөлу. Кәзірдің өзінде бірқатар аудандық және қалалық партия ұйымдары мұндай ұйымдастырушыларды іріктеп алды. Олар —ұйымдастырушылар кәзірден бастап іске кірісіп, өздеріне бекітілген комбайндардың егін жыйнауға әзір болуын қамтамасыз ету үшін жөндеу жұмысын ұйымдастыруда МТС-тер мен совхоз басшыларына, жөндеушілерге нақтылы көмек көрсетуге тиіс.

Барлық комбайндардың егін жыйнауға сапалы әзірленуіне жетісіп, облыс комбайншыларының социалистік жарыста жаңа табыстарға ие болуын қамтамасыз етейік!

трактор тырнаушы да осындай себеппен босқа тұрғанына көп уақыт болды. Бұл сияқты жағдай Суворов атындағы МТС-қамтытын колхоздарда да кездеседі.

Аудан колхоздарының көбі ағашты жерде. Жер жағдайларына қарағанда көлік машинасымен және қол шалғымен шабылатын шабындықтар көп. Бірақ, көлік машиналарының дені, қол шалғыншылар жұмысқа қосылмаған. Аудан бойынша қолда бар 190 көлік машинасының

Көлік шөп машиналары да пайдаланылсын

Совет ауданындағы Қаганович атындағы колхоздың мал шаруашылығы жылдан-жылға өсіп, өркендеп келеді. Бытыл мұнда қоғамдық мал саны өткен жылғымен салыстырғанда барлық түліктен де едәуір көбейді.

Колхозшылар үнемі өсіп отырған малды қыста құнарлы жемшөппен қерегініне қамтамасыз ету үшін мал азығындық дақылдар егісінің көлемін ұлғайтып, өнімін арттырумен бірге, табиғи пішенді мол дайындау жолында қажырлы еңбек етуде. Үстіміздегі жазда бұл колхоздың мүшелері қоғамдық мал үшін кемінде 22 мың центнер пішен дайындауды көздеп отыр.

Колхоз пішеншілерінің шөпті шабуға, шабылған шөптің сапасын төмендетпей, жауын-шашынға тигізбей жыйнауға кіріскеніне едәуір уақыт өтті. Содан бері бір өздігінен жүретін шөп машинамен, бір трактор агрегатымен пішен шабылуда. Бұл жұмыста жүрген Шағлы МТС-нің механизаторлары — өздігінен жүретін шөп машинасының машинашысы А. Дитте,

жөнінде де 30 июльге 270 гектар жердің шөбі шабылды деп жалған мәлімет берген. Тексерсе келгенде 3 июльге небары 76 гектар ғана шөп шабылған. Аталған колхоздардың және МТС басшылары шабылмаған шөпті шабылды деп жүр. Сонда олар өтірік сөз, жалған мәлімет малға азық болмайтынын сезбей ме екен. Ал, аудан басшылары бұл сияқты сорақылыққа қашанға дейін төзбек?

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

тракторшы И. Люфт және трактор агрегатындағы кеңалымды шөп машинасының машинашысы И. Котляренко жолдасар күндік тапсырмаларын үнемі толық және асыра орындап жүр. Машинашылар СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысына жауап беру мақсатын көздеп, өздеріне көтерілген міндеттемелер алды. Мәселен, өздігінен жүретін шөп машинаның машинашысы Дитте жолдас 35-40 жұмыс күні ішінде 1500 гектар шабындықтың шөбін шабуға міндеттенді.

Дегенмен, колхоз басшылары пішен дайындауға барлық күш- мүмкіншілікті толық пайдалануды ұйымдастырмай отырғанын жасыруға болмайды. Мәселен, колхозда жөндеуден өткізілген атқа жегілетін 5 шөп машиналары бар. Оларды дереу жұмысқа қосу үшін керекті көлік күші де жеткілікті. Бірақ, колхоз председатели Трофименко жолдас пішен дайындауда МТС күшіне сеніп, бұл машиналарды жұмысқа қоспай келеді.

В. ЛИЗУН,

кейінен өрістетіп отырып, қажырлы еңбек етуде.

Е. ҚҰРМАНҚҰЛОВ,

Октябрь ауданы, «Қызылту» колхозының 2 дала бригадасының бригадирі.

Ұйымшылықтың нәтижесі

Жданов атындағы колхоздың (Преснов ауданы) колхозшылары мен осы артельде шөп шауып жүрген Николаев МТС-нің механизаторлары пішен дайындауға барлық күш- мүмкіншіліктерін жұмылдыра отырып, еңбек өнімділігін күн сайын арттыруда. Мұнда 4 кеңалымды шөп машиналары жұмыс істеп жүр. Машинашылар өзара социалистік жарысқа ұштаса отырып, күндік тапсырмаларын үнемі толық және артығымен орындауда. Еңбек өнімділігін арттырудың озат әдістерін кеңінен қолдана отырып, машинашылар Телбаев, Алдабергенов сияқты жолдасар күніне 20 гектардың орнына, әрқайсысы 30 гектар жердің шөбін шабуға.

Колхозда шабылған пішенді жыйнау, маялау жұмыстары да ұйымшылықпен жүргізілуде. Мұнда кәзірдің өзінде 1300 центнер шөп маяланды. Пішен дайындауда, әсіресе, Байкин жолдас басқаратын пішеншілер бригадасы мен № 9 трактор отрядының механизаторлары жақсы көрсеткіштерге жетісіп жүр. Олар жұмысты тығыз ынтымақтаса істей отырып, кәзірдің өзінде 700 центнерден артық шөп маялады. Шабындық шөпті маялауда Жоламанов, Құдайбергенов және басқа жолдасар күнделік тапсырмаларын үнемі 110-120 проценттен орындайды.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.



Ставрополь өлкесі. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы Петров МТС-інің коллективі ауылшаруашылық жұмыстарын механикаландырудың жаңа әдістерін кеңінен қолдануда. МТС-те шөп жыйнау жұмыстары екі жылдан бері түгел механика күшімен атқарылуда. Бытыл МТС-тің техникалық советінің ұйғаруы бойынша автомашинаға тіркелетін шөмеле салғыш іске қосылды. Бұл шөмеле салғыш шабылған шөпті бірден жыйнап, шөмелеге салуға және смена сайын 70 килограмға жуық жанармай үнемдеп, екі төрт механизаторды басқа жұмыстарға ауыстыруға мүмкіндік берді. Суретте: автомашинаға тіркелетін шөмеле салғыш Суретті түсірген В. Михалев. (СОТА),

С О В Е Т Қ У Р Ы Л Ы С Ы

Жергілікті бюджет халық игілігіне жұмсалады

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің сессиясынан

Жақында еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің кезекті IV сессиясы болып өтті. Сессияда облыстың 1954 жылға арналған бюджеті туралы және өткен жылдың бюджетінің орындалуы туралы мәселе талқыланды. Бұл мәселе жөнінде облыстық финанс бөлімінің меңгерушісі **Петров** жолдас баяндама жасады.

Облыстың жергілікті бюджеті 1953 жылы кірісі жағынан 124540 мың сом және шығысы жағынан 123426 мың сом болып орындалды. Бюджеттің кірісі негізгі түсімдер бойынша ойдағыдай орындалды. Солай бола тұрса да, шаруашылық ұйымдардың пайдасы мен айналымынан түсетін қаржылар толық орындалмады. Мұндай кәсіпорындарының қатарына нан комбинаты, ет комбинаты, автомобиль транспортының кәсіпорындары, киноландыру бөлімі, кәсіпшілік артельдері жатады.

Облыстың 1954 жылға арналған жергілікті бюджеті кірістері жағынан 127931 мың сом және шығыстары жағынан 127644 мың сом болып бекітілді. Бюджеттің негізгі кіріс көздері шаруашылық ұйымдарының айналымынан алынатын салықтар мен пайдалар болып табылады. Бюджеттің кірісі халықтан жыйналатын салықтан анағұрлым кеміді. Облыста ауыл шаруашылығы салығының жалпы сомасы 1954 жылы 1953 жылға қарағанда 74,4 процент кеміп отыр.

Бюджеттің бестен төрт бөлігі — 104 миллион сомнан астам қаржы әлеуметтік-мәдени шараларды қаржыландыру мақсатына жұмсалады. Мұның өзі өткен жылғыдан 1222 мың сом артық деген сөз. Халық ағарту ісінің қажетіне 70 миллион сомнан астам қаржы, демек, бүкіл бюджеттің тең жартысынан астамын жұмсау көзделіп отыр. Осы сыяқты, денсаулық сақтау ісіне 31 миллион сом қаржы бөлінді. Бұл қаржылар денсаулық мекемелерінің, халық ағарту орындарының өрі кеңейтуді, олардың жұмысын жақсартуды қамтамасыз етеді. 1954 — 1955 оқу жылдарында облыс мектептерінде 63 мың адам оқытыл болады. Соның ішінде VIII-X кластарда оқытындардың саны анағұрлым артады. Интернаттар мен балалар үйлерін ұстауға 8 миллион сомнан астам қаржы жұмсау көзделіп отыр. Бюджет бойынша 96 кітапхана, 162 оқу үйлері мен селолық клубтар қаржыландырылмақ. Осы сыяқты, 11 аудандық мәдени-ағарту үйлері жергілікті бюджет арқылы жұмыс істейтін болады. 1954 жылы ауруханалардың саны 50-ден 70-ке дейін, фельдшерлік- акушерлік пункттердің саны 159-дан 175-ке дейін, дәрігер қызметкерлердің саны 371-ден 450-ге дейін өспек.

Бюджет бойынша Мамлют ауданында орта мектеп салу, Койухов ауданында жаңадан салынып жатқан аурухананың құрылысын аяқтау, Петропавл қаласын-

водтарын кеңейту, жолдар мен көпірлерді жөндеу, олардың жаңа құрылысын жүргізу, автомобиль жөндеуін мастерскойды қайта құру және телефон станцияларын салу, аудан орталықтарындағы радиотараптарына реконструкция жасау жоспарланды.

Бюджетте басқарма органдарына жұмсалатын қаржыны онан өрі қысқарту қарастырылды. Быйыл өткен жылға қарағанда бұл шығын облыс бойынша 2 миллион сомға жуық азаяды.

Жергілікті бюджет кірісінің негізгі көзі мемлекеттік сауда және кооперативтік кәсіпорындары мен ұйымдардан түсетін қаржылар болып табылады. Сондықтан бюджеттің кіріс жағының ойдағыдай орындалуы өндірістік және ауылшаруашылық өнімдерін шығару жөніндегі мемлекеттік жоспардың ойдағыдай орындалуына, товар айналымы жоспарының, өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі және еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырманың орындалуына, отынды, шикізатты, материалды үнемдеуге байланысты. Сонымен қатар мемлекеттік сауда орындары мен тұтынушылар кооперациясы орындарында товар айналымы қарқынды күшейтудің зор маңызы бар. Сессияда сауда ұйымдары мен олардың базаларының жұмысы қатаң өрі әділ сынға алынды. Олар товарларды тұтынушыларға жеткізу ісімен мүлдем қанағаттанғысыз шұғылданып отыр. Көптеген магазиндерде қажетті өнеркәсіп және азық-түлік товарларының кейбір түрлері жеткіліксіз.

Үстіміздегі жылы финанс органдары 500-ге жуық магазиндер мен дүкендердің жұмысын тексерді. Олардың 62-інде керосин, 30-да темекі, 160-нда қант, 59-ында шай жоқ екені анықталды. Осы сыяқты, бірқатар дүкендер мен магазиндерде кір сабын, тұз, шырпы болмады. Магазиндер мен дүкендерде осындай жағдайлар болғанда, жоғарыда айтылған қажетті товарлар аудандық тұтынушылар одағы мен қалалық сауда мекемесінің қоймаларында жатқан. Сонымен қатар құрылыс материалдарын сату жұмысы нашар ұйымдастырылған.

Өткен жылы облыстағы 11 аудандық тұтынушылар одағынан жетеуі бөлшек товар айналымының жоспарын, тоғызы көпшілікті тамақтандыру жөніндегі айналым жоспарын орындамады. Мұның өзі тұтас алғанда товар айналымының жоспарын орындай алмауға әкеліп соқты. Тұтынушылар кооперациясы 1954 жылы жергілікті бюджетке товар айналымынан түсетін салықтан басқа 3 миллион сомнан астам кіріс беруге тиіс. Бұл қаржының орындалуы товар айналымының жоспарын товардың түр-түрі бойынша орындауды қажет етеді.

Облыстық тұтынушылар одағының жұмысындағы кемшіліктер айтылмаған сессиялар мен мәжілістер болған емес, —

әбзелдерін сұрай қалсақ, олар «бұл товарлар базаларда бар» деп жауап береді. Бұлай сауда істеуге бола ма? Әрине, жоқ. Облыстық атқару комитеті селодағы сауда жұмысын жақсарту үшін қажетті шараларды жүзеге асыруға тиіс.

Булаев аудандық Совет атқомінің председателі **Қизатов** жолдас та осы мәселе жөнінде айтты.

—Облыстық тұтынушылар одағының жұмысымен кең танысып, оған қолынан іс келетін басшыларды жіберетін уақыт жетті, — деді ол.

Облыстық автомобиль және тас жолдар басқармасының шаруашылық және финанс жұмысының жабы мүлдем нашар болып отыр. Өткен жылы басқарма 25 жаңа автомашина, быйыл 123 автомашина алды. Аз уақыттың ішінде иесіздіктің салдарынан 24 автомашина жұмысқа жарамсыз болып шықты. Көзір қолда бар автомашиналар да жеткіліксіз пайдаланылуда. Өткен жылы ақша қаражатының жоспарын автомобиль базасы жартыдан қана, қалалық транспорт мекемесі 64 процент, автомобиль жөндеу мастерскойы небары 12-ақ процент орындады. Сөйтіп, олар мемлекетке 1259 мың сом қаржы бермеді. Жарыссөзде сөз сөйлеген Петропавл және Мамлют аудандық Советтері атқомдерінің председателдері **Ыбраев, Жадан** және басқа жолдастар облыста жол құрылысын қанағаттанғысыз ұйымдастырып отырғаны үшін автомобиль және тас жолдар басқармасының бастығы **Дягел** жолдасы әділ сынады.

Сессияда жергілікті кәсіпорындары мен кәсіпшілік артельдерінің жұмысындағы елеулі кемшіліктер атап көрсетілді. Өткен жылы облыстағы 11 өндіріс комбинаттарының тең жартысы товарлы өнім шығару жөніндегі жоспарды орындамады. Жергілікті өнеркәсіп орындары 768 мың кірішті және басқа да құрылыс материалдары мен көптеген аяқкиімдерді кем берді. Облыстық жергілікті және отын өнеркәсіп мекемесінің бірыңыра кәсіпорындары жұмысты біркелкі ұйымдастыра алмады, әсересе, олар өнімнің сапасын жақсартпа алмады. Осының салдарынан өнімнің өзіндік құны кемудің орнына, қымбаттап кетті.

Өткен жылы кәсіпшілік артельдері бір миллион күйген кірпіш, 100 тоннадан астам өк және көптеген басқа да құрылыс материалдарын кем берді. Сондай-ақ, пайдасыз шығындардың сомасы бір миллион сомнан асып, кәсіпшілік кооперациялары үлкен зыян көрді. Осының салдарынан кәсіпшілік кооперациялары өнімнің өзіндік құнын кеміту және облыстық бюджеттің кірісіне қаржы беру жөніндегі тапсырманы орындай алмады.

Сессиядағы жарыссөзде қалалық партия комитетінің секретары **Полипов**, облыстық жоспарлау бөлімінің председателі **Шнаурпа**, облыстық мәдениет басқармасының



Петропавлдағы ет комбинатының балалар бақшасында.

СУРЕТТЕ: балалар бақшасында төрбеленуші **Валя** велосипед тебуге үйреніп жүр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

Комсомол-жастар бригадасы

«Комсомолка» тігін фабрикасындағы **Фурова** жолдас басқаратын комсомол-жастар бригадасы қаладағы таңдаулы бригадалардың бірінен саналады. Бригада коллективі өткен июль айының жоспарын 25 июльге дейін 103,1 процент өтіп орындап, мінсіз сапалы өнім берді.

Бригада мұндай табысқа еңбек озаттарының тәжірибесін кеңінен насихаттау, бригада мүшелері арасында социалистік қаржыты өрістетіп, оны жария ету, уақытты үнемді пайдалану арқылы жетісті. Бригадада өзінің сменалық тапсырмасын орындамайтын бірде-бір тігінші жоқ.

Жақында бригада мүшелері **СОБП** Орталық Комитеті Пленумының қарарларына жауап ретінде тағы да көтеріңкі міндеттеме алды. Олар июль айының өндірістік жоспарын 28 июльге дейін аяқтап, жоспардан тыс көптеген мінсіз сапалы өнім беруге, сөйтіп, мыңдаған сом мемлекет қаржысын үнемдеуге міндеттенді. Бригада коллективі алған уәдесеріне берік. Бұл күндері олар осы міндеттемені орындау жолында қажырлықпен еңбек етуде.

Мінсіз сапалы өнім шығаратын комсомол-жастар бригадасының құрамында 28 тігінші бар. Олардың ішінде өздерінің сменалық тапсырмасын үнемді асыра орындап, басқаларға үлгі көрсетін жүзден тігіншілер көптеп саналады. Солардың бірі—№ 1 цех комсомол ұйымының секретары **Е. Шусовотина**, тігіншілер **Р. Еслямова** және **Ш. Галеева** жолдастар. Олар өткен жылы өзінің және айдан тапсыр-

Тұтынушылардың шағым-арыздарына жете көңіл бөліңсін

Совет адамдары совет сауда жұмысындағы кемшіліктерге немқұрайдылық көрсете алмайды, өйткені, совет саудасы халқымыздың өнеркәсіп және азық-түлік товарлары жөніндегі тілек-талаптарын қанағаттандыруға бағытталған. Сондықтан халық көп тұтынатын товарлармен еңбекшілерді қамтамасыз етуде және адамдарымыздың тұрмыстық қажетін өтеуде елеулі кемшіліктер жіберіп отырған кейбір сауда ұйымы басшыларының дәрменсіздігімен келісе алмай, сауда жұмысындағы өздері байқаған, көрген кемшіліктерді сынап отыруы заңды да. Ал, анығында, біздің бірталай сауда орындарымызда, еңбекшілердің қалың көпшілігін қамтыатын асхана, ресторандарда әлі де орын алған кемшіліктер бар. Міне, осы туралы еңбекшілер өздерінің хат, арыз-шағымдарында жазып, тиісті орындарға хабарлап отырады, кемшіліктерді жоюдың жолдарын көрсетіп отырады.

Қалада көптеген басшы сауда қызметкерлері еңбекшілерден түсетін арыздар мен шағымдарға дернекейде жауап қайтару жөніндегі өздерінің борышын жете түсінбей келеді, сауда жұмысындағы кемшіліктерді дер кезінде байқап, оны жоюға нақтылы шараларды қолдана білуде, еңбекшілер табылының зор көмек көрсететінін бағаламайды. Сондықтан олар еңбекшілер табылына жауап қайтармай, ұмыт қалдырып, өздерінің оған тықырылып, немқұрайды қарайтындығын көрсетеді. Мәселен, асхана және ресторандар тресінің №5 асханасының жұмысында еңбекшілер табылына талап қарауда немқұрайдылық сыяқты жаман әдет орын тепкен. Бұл асхананың қызметкерлері өздерінің жұмысына салақ, жауапсыз қарайтын болған. Өткен жылы асхана және ресторандар тресі бойынша еңбекшілерден түскен 330 арыз бен шағымның 102 шағымы осы №5 асхананың жұмысындағы кемшіліктерді баяндайды. Быйыл да жағдай онша өзгеріп кеткен жоқ. Еңбекшілерден түсетін шағымдар мен арыздардың көпшілігі осы асхана қызметкерлерінің тағамды сапасыз әзірлейтіндігін, тамақтануға келгендерге оспадарлық көрсететіндігін және тұтынушыларды алдайтындығын көрсетеді. Асхана директоры **Түлкібаева** жолдас еңбекшілердің арыз-шағымдарына ешбір шара қолданбайтындығымен өзінің жұртшылықтың табылына құлақ аспайтындығын байқатты. 1954 жылы 9 маіда осы №5 асхананың шағым кітабына мынадай сөз жазылған: «Тауық еті нашар пісірілген, тұзы аз, татымы жоқ және өзін суық-суық күйінде алдымызға әкеліп берді».

Шағым заңды және өділетті, ал, бірақ оған қайтарылған жауап **Түлкібаева** жолдасының төрешілік мінздерін көрсетеді. **Түлкібаева** жолдас шағымда көрсетілген кемшілікті жоюдың орнына кемшілікті көрсетіп кеткен адамды көсетіп, шағым кітабына былай деп жазған: «Егер тауық еті тұздалмаған болса, еткізіп тұрған

байқалады. Мұнда да еңбекшілердің шағым-арыздарына беталды жауап беру сыяқты жаман әдет бар. Осы асхананың ақбашысы **Семина** жолдасының екінші тағам орнына берілген тағамға май салмағандығын көрсеткен шағым түскен болатын. Бұл шағымға **Востротина** жолдасының қайтарған жауабының сыяқты мынадай: «Сіздің арызыңыз негізсіз, ол кезекте аспаз күйінде болмаған, ал оның көмекшісі майды тарелкаға жеткілікті салмаған. **Востротина**». «Сөйтіп, тұтынушыны алдаған айыпты аспаз немесе оның көмекшісі ешбір жазасыз қалған. **Востротина** жолдас еңбекшілердің арыз-шағымдарына өзінің асықарасын өзерткенше және жұртшылықтың табылына құлақ асуды үйренгенше асхана жұмысындағы кемшіліктерді бола беретіндігі дауысы.

Кейбір сауда орындарының басшылары еңбекшілердің арыз-шағымдарына кішісі үміттендіретін мынадай жауапсымақтар қайтарады: «Сіздің арызыңыз еске алынды», «Сіздің арызыңыз жыйналыста талқыланды», «Сіздің шағымыңыз бойынша айыпты адамдарға шара қолданылды». Мұндай кішісі үміттендіретін жауаптардың орындалуын тексеру келесіңіз, осылай деп жауап қайтарылған еңбекшілер шағымнан тиісті қорытынды шығармағандығы, оған нақтылы іспен жауап бермегендігі айқындалады.

Петропавл станциясының теміржолшылар ресторанында да алдау, есептен жаңылдыру, тұтынушыларға өрескелдік мінез көрсету әдетке айналған. Осы асхананың шағым кітабына жазылған бір шағымда официантка **Бурованың** ауыл шаруашылығының 4 ағаманың 14 сомға алдағандығы, буфетші **Чабанованың** оларға шағым кітабын беруден бастартқандығы айтылған. Бұл шағымға ресторандық директор былай деп жауап қайтарған: «Сіздердің арыздарыңыз анық және дұрыс емес бекітіледі. Буфетші **Чабанова** және официантка **Бурова** шара қолданылды. **Иванова**».

Екінші бір шағымда былай деген: «Официантка **Буровадан** мен бір стақан шай беруді өтінім, бірақ ол маған шай әкел беруден үзілді-кесілді бастартты, бұл уақытта ол ешнәрсе істемей отыр еді. Мен осыдан кейін шағым кітабын беруіді сұрадым. Бірақ ресторанның барлық қызметкерлері шағым кітабын бермей құтылды. Тек милицияның оперативтік өкілінің көмегімен шағым кітабын алғаным ғой. Меніміше **Бурова** сыяқты асхана қызметкеріне ресторандан орып берілмекте тиіс». Ресторан директоры бұған былай деп жауап қайтарған: «Сіздің арызыңыз тексерілді, официантка **Бурова** қызметінен алынды. **Иванова**». Еңбекшінің шағымына қайтарылған мұндай үміттендіргіш жауапқа қарамастан **Бурова** мен **Чабанова** га бірінші және екінші арыз бойынша да ешқандай шара қолданылмаған, **Бурова** қызметтен алынбаған, олар жағасы шайлау, етегі қыстау дегендей ешбір жазасыз ресторанды ойнаптан жұл

да қонақ үйін кеңейту және жаңадан үш тұрғын үй салу, су түтіктерінің құрылысын аяқтау, Явленка селосында монша салу, Қарақоғанда электр станциясын салу көзделіп отыр. Аудан орталықтарын көркейтуге өткен жылы 20 мың сом босатылса, былай бұл мақсатқа 50 мың сомнан аса қаржы бөлінді.

Жергілікті өнеркәсіп орындарында ағаш әбзелдерін өңдеу цехтары мен кірпіш за-

веді Преснов ауданының Совет атқомінің председателі **Макаров** жолдас. —Алайда, селода сауда жұмысы жақсартылмай келеді. Аудан колхоздарында мыңдаған жұмыс аттары бар. Бірақ, оларды колхоздар жегу әбзелдері болмағандықтан жұмысқа толық пайдалана алмай келеді. Селолық магазиндер мен дүкендерден жегу әбзелдерін іздеп табу қиын. Облыстық тұтынушылар одағының басшыларынан жегу

әбзелдерін табу қиын, облыстық басқаруға қармасы бастығының орынбасары **Тихман**, еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомі председателінің орынбасары **Калинин** және басқалары —барлығы 12 адам сөз сөйледі. Сессия облыстың 1954 жылға арналған бюджеті және 1953-жылғы бюджеттің орындалуы жөніндегі есепті бірауыздан бекітті.

Қала еңбекшілерінің патриоттық ісі

Петропавлдықтар ауыл-селоға көмектесуде

Бүкіл еліміздегі сыяқты Петропавл қаласының еңбекшілері, өнеркәсіп және транспорт орындарының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері, мекемелер мен ұйымдардың қызметшілері СОБП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын зор өндірістік және саяси өрлеу үстінде қарсы алды. Пленум қаулысы баспасөзде жарияланған күннен бастап, кәсіпорындары мен мекемелерде, бұрынғы сайлау участоктерінде жұмысшылар мен қызметшілердің және басқада еңбекшілердің жыйналыстары өтті. Жүздеген үгітшілер партиямыздың Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы жөнінде қала еңбекшілерімен тонтық, жеке әңгімелер өткізіп, дауыстап газет оқуда.

Қала еңбекшілері егінді күту, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жөнінде колхоздар мен совхоздарға, машина-трактор станцияларына, өздерінің қажырлы еңбектерімен көмектесуді қасиетті борыштары деп есептеуде.

Бығары заводдың жыйналысында озат жұмысшы Кубраков жолдас мынаны мәлімдеді:

—Туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметі Отанымыздың онан әрі гүлденуі үшін, халықтың материалдық әл-ауқат және мәдени дәрежесін жақсарту беру үшін игі шараларды жүзеге асыруда. Біз, завод жұмысшылары, колхозды ауыл-деревнядағы шөп шабу, егінді күту, егін жыйнауға әзірлік сыяқты маусымды, маңызды жұмыстардан тыс қала алмаймыз. Мал азырын дайындау, астық үшін күреске өзіміздің қажырлы еңбегімізбен үлес қосуды құрметті борышымыз деп есептейміз.

Кубраков жолдасдың патриоттық белсенділігі заводтың бүкіл жұмысшыларының қолдауын тапты. Жыйналыс өткен күні бірнеше жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер колхозға жұмысқа бару жөнінде тілек білдіріп, завод директорына өтініш берді.

Завод директоры, қалалық Советтің депутаты Шульжикский жолдас жұмысшылардың тілегін орындап, 25 адамды Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхозға жұмысқа жіберді. Олардың ішінде слесарь Исин, тері өңдеуші Корягин, барабаншы Кострева, ағаш шебері Молотков жолдасстар және басқалары бар. Бұл адамдарды Кубраков жолдас басқарып барды.

Сталин атындағы колхоздың басшылары завод жұмысшыларын зор құрметпен қарсы алып, олардың мал азығын дайын-

дауда, картопты, овоцты күтуде жұмыс істеуін ұйымдастырды. Жұмысшылар көпшілік тамағымен қамтамасыз етілген. Завод жұмысшылары колхоз өндірісінде қажырлылықпен еңбек етуде. Олар алғашқы жеті күнде жүздеген центнер шөпті маялап, бірнеше гектар овоцтың қатаралықтарын баптады.

Завод коллективі еңбек өнімділігін еселеп арттырып, колхозға жұмысқа кеткен адамдардың жоқтығын білдірмеуде. Завод кеше колхоздарға жұмыс істеу үшін тағы да 10 жұмысшы жіберді.

Қаладағы жалғыз былғары заводы ғана емес, басқа да кәсіпорындары мен мекемелерден соңғы бір аптада облыстың колхоздары мен совхоздарына мыңнан астам адамдар жұмысқа барды. Шағын двигательдер заводы, Электр өнеркәсібі министрлігінің заводы, шойын құю-таразы заводы, «Главмука» мекемесі мен «Бірінші май» кәсіпшілік артельінің басшылары колхоздар мен совхоздарға барушыларды ұйымшылдықпен жіберуде.

Қаладағы «Бірінші май» артельінің мүшелері Ленин ауданындағы «Еңбек» колхозына 10 адам жіберді. Артель жұмысшыларын Сапожников жолдас басқарады. Сапожников жолдасдың бригадасы мал қораларына шөп тасуда жұмыс істейді. Бригада аз күннің ішінде мал қыстайтын орындарға мыңжарым центнерден астам шөп тасып үйді. Колхозшы шаруалар қала адамдарының көмегіне ризалықтарын білдіруде.

СОБП Орталық Комитеті Пленумының «Көктемгі егістің қорытындылары, егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы» қаулысы мектеп оқушыларының зор қолдауын тапты. Қаладағы Ленин атындағы қыз балалар орта мектебінің оқушылары партиямыздың Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын талқылап, егін күту, шөп шабу, егін жыйнауға әзірлік жұмыстарына қатынасу жөнінде облыстың барлық оқушыларына үндеу жазды. ҚЛЖО облыстық комитеті Ленин орта мектебі оқушыларының игілікті бастамасын мақұлдап, қаулы алды. Кәзір Ленин орта мектебі оқушыларының үндеуі барлық жерлерде қызу талқылануда.

Бұрнағы күні Ленин орта мектебінің бір топ оқушылары комсомол ұйымының секретары Раиса Саломоха жолдасдың басқаруымен Ленин ауданындағы «Новый путь» колхозына жүріп кетті. Осы сыяқты, қаланың онжылдық және жетіжылдық мектептерінен, атап айтқанда, Горь-

кий атындағы мектептен 18 оқушы Присеші ауданындағы Сталин атындағы колхозға, Киров атындағы мектептен 30 оқушы Присеші ауданы, Чанаев атындағы колхозға барды. Демек, соңғы екі-үш күннің ішінде қала мектептері оқушыларынан 200-ден астам адам облысымыздың колхоздары мен совхоздарына барып, егін күту, шөп шабу жұмыстарында ауылшаруашылық қызметкерлерімен бірге еңбек етуде. Жас патриоттар мектеп оқушылары ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жолындағы бүкілхалықтық күреске белсене қатысуды совет жастарының патриоттық борышы деп біледі.

Бұл күндері өнеркәсіп орындарының жұмысшылары, үй шаруасындағы әйелдер, жасы асқан қарттар мал азығын дайындау, астық үшін күрестің дағдыры шешіліп жатқан жерлерге — колхоздар мен совхоздарға барып жұмыс істеу жөнінде тілек білдіруде. Жақында үй шаруасындағы әйелдер Кушнир, Хамзина, 60 жастағы қарт Кондратов жолдас қалалық Совет атқоміне келіп, колхоздарға жұмысқа жіберуді өтініді. Олардың тілегі орындалды. Кәзір Кушнир, Хамзина жолдасстар Петропавл ауданы, Дмитров атындағы колхозда, Кондратов жолдас Соколов ауданындағы «Октябрь» колхозында жұмыс істеп жүр.

Таяудағы күндері облысымыздың колхоздары мен совхоздарына қаладан тағы да 3-4 мың адам бармақ. Әңгіме, қала еңбекшілерінің патриоттық белсенділіктерін үнемі қолдап, оларды колхоздар мен совхоздарға ұйымшылдықпен жіберуде болып отыр. Айта кету қажет, кейбір кәсіпорындарының басшылары бұл мәселе жөнінде оперативті жұмыс істей алмай отыр.

Мәселен, «Молот», «Галантерейщик» кәсіпшілік артельдерінің председателдері Уваров, Голиков жолдасстар колхоздардан арнаулы транспорт келуді күтіп, ауыл-селоға жұмысқа баратын адамдарды жіберуді кешіктіріп келеді. Петропавл станциясы, бесінші жол дистанциясы, № 2 құрылыс участогінің басшылары жөнінде де, міне, осыны айтуға болады.

Өнеркәсіп орындары мен мекемелердің басшылары, қалалық Советтің депутаттары мен активтері жұмысшылар мен қызметшілердің және үй шаруасындағы әйелдердің патриоттық белсенділіктерін қолдай отырып, олардың колхоз, совхоз өндірісіне қатынасуға көптеп баруын ұйымдастыруға міндетті.

М. НУРҒОЖИН.

маларын үнемі 125-130 проценттен орындай жүр.

Озат тігіншілердің жұмыс тәжірибесі комсомол ұйымының ұйымдастыруымен үнемі тігіншілер арасында талқыланатын тұрады. Бұл жағдай бригада коллективінің айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындап, жоспардан тыс мінсіз өнім беруіне мүмкіндік беруде.

Өз ісінің шеберлері

Коновхов ауданындағы Каганович атындағы ауылшаруашылық артельдің мүшелері шөп шабу шауқанын ұйымшылдықпен өткізуде.

Алғашқы күннен бастап кең алымды шөп машинасының машинисі С. Климов және трактор жүргізуші Ф. Мақко жолдасстар нарма бойынша 20 гектардың орнына, 25-30 гектар алаңның шөбін шауып жүр.

СОБП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы артель мүшелері мен механизаторларының арасында асқан зор еңбек өрлеуін туғызды. Артель коллективі және механизаторлар қаулыға жауап ретінде қоғамдық малды жемінінен толық қамтамасыз етуде міндеттенді.

Совхоздарға экскурсия

Жақында Октябрь ауданының озат малшылары мен зоотехниктері және мал дәрігерлері Мамлют асыл тұқымды мал совхозында, «Белое» совхозында экскурсияда болды. Олар бұл совхоздардағы құрылыс жұмыстарымен, озат малшылардың тәжірибелерімен, еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландырудың жолдарымен танысты.

Экскурсияға қатысушылар совхоз малшыларымен әңгімелесіп, өзара пікір алды. Бұл күндері Октябрь ауданының экскурсияда болған малшылары мен зоотехниктері және мал дәрігерлері совхоз малшыларының озат әдістерін өз колхоздарында кеңінен таратуда.

ХАТ ТАСУШЫ ҚАРТ

Коновхов ауданындағы Правдино мен Октябрьское селоларының аралығындағы жолда байланысшылардың формасын киіп қолына былғары сумаға ұстаған қарт адамды күн сайын кездестіруге болады. Бұл—Каганович атындағы колхоздың хат-хабар тасушысы Мартын Акимович Карпецкий жолдас.

Карпецкийдің хат-хабар тасушы болып істей бастағанына 25 жылдай болды. Осы уақыттың ішінде колхозды-деревняның бейнесі де өзгерді. 1929 жылы Карпецкий алғаш бұл жұмысқа кіріскен уақытында колхоз жаңа ғана ұйымдаса бастаған, хат-хабарлар аз келетін.

Бұл күндері колхозды-деревнядағы жағдай тіпті басқаша. Колхозшылар жүз данаға жуық газеттер және көп журналдар жаздырып алады. Еліміздің жоғары оқу орындарында оқып жатқан осы колхоздың студенттерінен күн сайын ондаған хаттар келіп түсіп жатады. Осылардың барлығын колхозға жеткізуші М. А. Карпецкий қарт.

тұздан алу керек еді. Тауық етінің қолы татымай тәтті болмаған себебі тауық еті үнінші сортқа жатқызылған болатын. Тұлкібаева.

Екінші рет қайтарылған жауап қанағаттанғысыз екендігіне ескертпе болғаннан кейін және шағымға ешқандай шара қолданылмағандығы аталып көрсетілгеннен кейін Тұлкібаева жолдас шағым кітабына мынадай сөзді жазуға шімірікпеген: «Тауық еті күні бойы болды, оған ешқандай арыз айтқан кісі болған жоқ. Егер тұтынушыға тауық еті тұздалмаған сыяқты болып көріне, өзі шеткіле тұздасын. Стол үстіне тұз сол үшін қойылған. Берілген жауапты қалай болса солай деп есептеймін, ол дәл берілген жауап. Тұлкібаева».

Тұлкібаева жолдас еңбекшілердің арыз-шағымдарына мұндай кекетінді жауап берудің орнына, аспаздардың жұмысын күн сайын бақылап отыруға, шағым кітабында көрсетілген кемшіліктерді жоюға нақтылы шаралар қолдануға міндетті. Ал, бұл асхананың жұмысында бұдан бұрын да елеулі кемшіліктер болған. Суға былғарған қауластың бұрың деп сатқан уақыттары бұл асханадан тамақтанғандардың әлі есейде.

Әлеватор жанындағы асхана меңгерушісі Востротина жолдас басқарған асхананың жұмысында да елеулі кемшіліктер

Жоспар артығымен орындалды

Қаланың бірқатар кәсіпшілік артельдері социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, июнь айының өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

Айлық тапсырманы асыра орындаған артельдердің бірі —қаладағы «Пищевик» артели. Мұнда жұмысшылардың барлығы да социалистік жарысқа ұнтасқан. Артель үгітшілері мен цех бастықтары ай сайын социалистік жарысқа қорытынды жасап, оны жария етіп отырады. Социалистік жарыста озып шыққандар артельдің құрмет тақтасына жазылады. Олардың жұмыс тәжірибелері цех қабырға газеттеріне жазылып, басқа жұмысшыларға үлгі ретінде ұсынылады.

Артель июнь айының жоспарын 122 процент етіп орындап шықты. Мұнымен бірге көптеген мемлекет қаржысын үнемдеді. Мұнда өзінің сменалық, айлық тапсырмаларын асыра орындайтын озат жұмысшылар көптеп саналады. Коновалова, Исаева және Шукина жолдасстар тапсыр-

Ауыр салмақты поезды жүргізушілер

Петропавл паровоз депосының машинисі Александр Кочешков жолдас Петропавлдай Макушиноға ауыр салмақты составты графиктен жоғары сағат бұрын жеткізді. Александр Кочешков соңғы 40 километрді үнемделген отымен жүргізді. Ол жалғыз осы сапарда ғана емес, жол жүрген сайын ауыр салмақты поезды графиктен бұрын жеткізіп, ылғый отын және мемлекет қаржысын үнемден отырады. Кочешков жолдас жүк тасудың жартыжылдық жоспарын депода мерзімінен бұрын бірінші болып орындады.

Александр Кочешков депоның үздік машинисі Антон Слюньконың шәкірті.

Вячеслав Сауда орындарының ауыр салмақты жемшіліктерді сынаған еңбекшілер шағымын оқымайтын, ішуртшылықтың дабылына құлақ аспайтын басшылар кездеседі. Мәселен, қалалық сауда бөлімінің № 55 магазиннің сатушысы Қарабаев жөнінде мынадай шағым түскен: «Дүкеннің мемлекеттік магазинді өзінің жеке меншікті дүкеніне айналдырды, тілеген уақытында ашады, түскен товарды ұнатқан адамдарына көрегініне береді. Ал, тұтынушылардың кейбір өділетті ескертпелеріне: «Айғайламаңыздар, айтпесе мен сіздерді тысқа қуып шығамын» дейтін болған. Магазин директоры мұндай шағымды жауапсыз қалдыруға шімірікпеген.

Сауда орындарының партия ұйымдары сауда жұмысындағы кемшіліктерді әшкерейтін жұртшылықтың пікіріне басшылардың назарын аударуға білмей келеді, сауда жұмысындағы кемшіліктерді деркезінде жоюға сауда қызметкерлерін жұмылдырмай отыр. Келешекте мұндай жемқұрайды қарапайымдықпен шешіруге тіпті де болмайды. Қайта, сауда орындарындағы партия ұйымдары еңбекшілерден түскен хаттар мен шағымдарға деркезінде жауап қайтарылуына, бәсе, хаттар мен шағымдарда көрсетілген кемшіліктерді қатаң жүзінде емес, нақтылы іспен жоюға сауда қызметкерлерін жұмылдыруға тиіс.

И. ПАВЛОВ.

маларын үнемі 120-125 проценттен орындап, игі еңбектің үлгілерін көрсетуде.

Қаладағы «Деревообделочник» артели де өткен айдың жоспарын 113 процент етіп орындап, 8200 сом мемлекет қаржысын үнемдеді. Артель өткен айда жоспардан тыс көптеген дивандар, үй мебельдерін және басқа көпшілік тұтынатын заттар жасап шығарды.

СОБП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қарарлары артель жұмысшылары мен қызметшілері арасында асқан зор еңбек өрлеуін туғызды. Пленум қаулысына жауап ретінде жұмысшылардың барлығы да өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды. Петесов, Волков және Чабан сыяқты ағаш шеберлері өзінің үздік еңбегімен басқаларға үлгі көрсетуде. Мұндай адамдар артельде көптеп саналады. Артель коллективі алған уәдесіне берік, сөз жоқ оны абыроймен орындап шығады.

Ғ. ЖАХИН.

Оқу үйі—ауыл-селодағы мәдениет орталығы

Оқу үйінің бүгінгі міндеттері

СОКН Орталық Комитеті сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдары елімізде ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетіп, тың және тыңайған жерлерді көтеруге есебінен астық қорын бұрынғыдан әлде қайда мол етіп көбейтудің негізгі шараларын белгіледі.

Осы зор міндеттерді аброймен орындау жолында мәдени-ағарту орындарының алдына да көп талаптар қойылады. Үгіт-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарын колхозшылар тілегіне сай етіп жүргізу—бүгінгі таңдағы басты міндеттер.

Республикамыздың басқа да мыңдаған оқу үйлеріндегі Булаев ауданындағы Бірінші май ауылдық Советінің оқу үйі де үстіміздегі жылы көрнекті табыстарға жетті.

Көктемгі егіс уақытында оқу үйі өз жұмысының басым көпшілігін егіс бригадаларында жүргізді. Соңғы уақытта пар жұртудағы трактор бригадаларында, сол сияқты, пішеншілер арасында жүргізіліп отыр. Бригадаларда тек көзірдің өзінде 6 рет лекция оқылды, 45 жауынгерлік листок, 3 қабырға газеті, 16 рет ауыл шаруашылығы озаттарының жаңа табыстары жөнінде әңгіме өткізілді.

Бірінші май ауылдық Советінің оқу үйінің жұмысы жоспарлы түрде жүргізіліп отырылады. Бұрын мұнда кітап оқушылар саны тек 50—60 адам болса, қазір 100-ден астам болды. Кітап оқушылар кітапханада өткізілетін оқушылар конференциясына жиі қатынасады да, оқыған кітаптары жайында пікірлерін ортаға салады.

Оқу үйі жаңа кітаптармен де жыл сайын толықтырылады. Мұнда марксизм-ленинизм классиктерінің, совет жазушыларының шығармалары, Қазақстанда, Сибирьде, Оралда тың жер көтерудің кейбір әдістері жөнінде де көптеген кітаптар бар.

Колхоздың үгітшілері де өз жұмыстарын колхозшылар тілегіне сай жүргізуде. Үгітші Қ. Қанафин, Қ. Жапаров, О. Қазенов, Т. Бекембаев жолдастар трактор бригадаларында, пішеншілер арасында жиі болып, әңгіме өткізіп, еңбекшілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстардың нәрменді түрде жүргізілуіне жетіуде.

Біздің көзір алға қойып отырған міндетіміз—қоғамдық малға берік жемшөп қорын дайындаудағы механизматорлар мен колхозшыларды мәдениетті қамту. Міне, осы мақсатпен бригадаларда көшпелі кітапхана ұйымдастырып отырмыз. Бригадаларда радиокөбілдеріміз, шахмат, дойбы тағы басқалармен қамтамасыз еттік. Онымен бірге, орталық, республикалық, облыстық, аудандық газеттерді уақытында алып оқуға мүмкіндік туғызды.

Алайда, біздің оқу үйінің жұмысын



Октябрь ауданындағы Ленин атындағы орта мектеп кітапханасының жанында көркемөнерпаздар үйірмелері жем кесте тігушілер үйірмесі жұмыс істейді. Суретте: үйірме мүшелері кесте тігу үстінде. Суретті түсірген А. Розенштейн.

БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ

Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінің оқу үйі небары бұдан үш-ақ жыл бұрын құрылған болатын. Өз жұмыстарын көзірлі талаптар дәрежесіне сай жүргізудің нәтижесінде оқу үйі селодағы мәдени-ағарту жұмыстарының орталығына айналып отыр. Аманкелді атындағы колхоздың ауылшаруашылық жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп отыруында біздің оқу үйінің қосқан үлесі де бар. Оқу үйі жұмысын шаруашылық жұмыстармен ұштастыра жүргізудің нәтижесінде біз мәдени-ағарту жұмыстарының нәтижелі және әсерлі болуына жетісін келеміз.

Біз ең алдымен, оқу үйінің мәдени-ағарту құралдарының жеткілікті болуына, сол сияқты, оның кітапханасында еңбекшілер үшін қажетті саяси, көркем-әдебиет кітаптарының жеткілікті болуына баса назар аудардық. Осының нәтижесінде кітапхананың кітап қоры мен оқу үйінің мәдени құралдары жылдан-жылға көбейіп келеді. Мәселен, біз үстіміздегі жылдың 6 айы ішінде кітапхана үшін мың дана кітап алдық. Сол сияқты, радиокөбілдеріміз, телефон сатып алынды. Сонымен қатар оқу үйінде өткізілетін мәдени-ағарту жұмыстарының мазмұны да жақсара түсті. Көзір біздің оқу үйінде 254 кітап оқушы бар.

Оқу үйі жұмысының табысты болуы мәдени-ағарту жұмыстарын шаруашылық жұмыстармен ұштастыра жүргізуге тығыз байланысты. Біз көктемгі егіс кезінде

қостары үшін шахмат, дойбы сияқты, мәдени құралдар бөлінді.

Егіншілер арасында үгіт-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарын кеңінен жүргізуде оқу үйі айына бір рет шығарып тұратын қабырға газеттері мен бес күнде бір рет шығарылатын жауынгерлік листоктар зор роль атқарды. Бұл қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарда біз еңбек озаттарының іс-тәжірибелерін насихаттау, кемшіліктерді батыл сынау және оны жоюдың жолдары туралы мақалаларды жүйелі түрде жариялап отырдық.

Қоғамдық малға берік жемшөп қорын дайындау маусымы кезінде де біз еңбекшілер арасында мәдени-ағарту жұмыстарын кеңінен жүргізуді өзіміздің басты мақсатымыздың бірі етіп қойып отырмыз. Бұл маусымға арналған іс жоспарында лекциялар оқу, әрбір бес күн сайын пішеншілермен түрлі тақырыптарда әңгімелер өткізу, айына екі рет қабырға газетін және бес күн сайын жауынгерлік листоктарды шығарып тұруды қарастырдық. Сонымен бірге жылжымалы кітапхана ұйымдастырылып, ол кітапханалар пішеншілер қостарында жұмыс істейтін болды. Бұл жұмыстардың бәрі көзірде өзінің игі нәтижелерін беруде. Оған мысал есебінде колхозшылардың қоғамдық мал үшін берік жемшөп қорын жасау күресіндегі игі табыстарға жетіп отырғанын айтып өтудің өзі жеткілікті.

Оқу үйінің жұмысына колхоз баста-

Колхозшыларды мәдениетті қамтыймыз

Октябрь ауданындағы Городецкий селолық Советінің оқу үйі колхозшылардың мәдениет орталығына айналып келеді.

Ұзақ күнге пішен басында, трактор бригадаларында, колхоздың тағы басқа жұмыстарында аябай еңбек еткен село еңбекшілерінің кеш болғанда оқу үйіне жыйналып, кітап, газет оқып, кино, концерт көріп, демалыс кешін көңілді өткізугі мұнда әдетке айналған.

Оқу үйінің кітап қоры көзірдің өзінде мыңға тарта болып, кітап оқушылар саны өткен жылдармен салыстырғанда екі есе көбейді. Мұнда саяси, ғылыми, әдеби және ауылшаруашылық тақырыптарынан көптеген кітаптар бар.

Колхозның жастардан ұйымдасқан көркемөнерпаздар үйірмесіне 23 адам қатысады. Бұл үйірме мүшелері соңғы уақыттардың өзінде дала бригадаларында, пішеншілер қостарында, тың және тыңайған жерлер көтеруге келген патриоттарға оңдаған концерттер қойып берді. Көркемөнерпаздар үйірмесі өздерінің творчестволық зор еңбектерінің арқасында село жұртшылығының сүйіспеншілігіне бөленіп отыр.

Өткен жылы аудандық көркемөнерпаздар байқауына қатысқан бұл көркемөнерпаздар коллективі аудандық мәдениет бөлімінің грамотасымен наградталды. Үстіміздегі жылы облыс орталығында болатын көркемөнерпаздар байқауына олар кедейтілген программамен концерт беруге қызу дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Село интеллигенттері жиі-жиі листовкалар мен қабырға газеттерін шығарып, лекциялар оқып отырады. Тек соңғы айлардың өзінде 8 қабырға газетін, 163 жауынгерлік листок шығарып, 176 рет дауыстап кітап, газет оқуды ұйымдастырды. Жақында агроном А. Леоненко «Егінді күттің, баптау—мол өнімнің негізі» деген тақырыпта лекция оқыды.

Көзіргі оқу үйінің алдына қойылған негізгі міндеттер трактор бригадалары мен пішеншілерді мәдениетті қамту болып отыр. Міне, осы мақсатпен жұмыстың басым көпшілігін дала бригадаларында өткізіп отырмыз. Бригадаларда көшпелі кітапханалар ұйымдастырылды. Оған жаңа кітаптар беріліп, әрбір он күндікте ауыстырылып отырылады. Ал, орталық, республикалық, облыстық газеттерді және «Өгөнек» «Молодой колхозник», «Крестьянка» тағы басқа журналдарды алып оқуға ғолық мүмкіндік туғызды.

Біз Городецкий селолық Советі жанындағы оқу үйінің жұмысын бұдан да жақсартып, колхозшыларды түгел мәдениетті қамтып, үгіт-бұқаралық жұмысты бұрынғыдан да жақсарту береміз.

Қоғамдық малға жайлы қора керек

Қоғамдық малға жемшөп қорын жеткілікті мөлшерде дайындаумен бірге, оларды жылы, жайлы қорамен қамтамасыз ету басты міндет болып табылады. Дегенмен, Приешім ауданының колхоздары жыл сайын мал қораларын салу жөніндегі жоспарды үнемі орындамай келеді. Өткен жылы аудан колхоздарында 1443 сыйыр малына, 6857 қойға, 753 шошқаға қора жетпеді. Ал, салынған мал қораларының көпшілігі сапасыз салынғандықтан суық болды. Соңғы жылдары мал қораларының құрылыс жұмыстары, әсіресе, Куйбышев атындағы, «Талапкер», «Путь Ленина», «Большевик» және басқа колхоздарда қанағаттанғысыз болып келеді. Соның салдарынан өткен жылы аталған колхоздар мал қыстатуда үлкен қиыншылықтарға кездесті. Мұның өзі аудан, МТС және колхоз басшыларын мықтап ойlandsyруға тиіс еді.

Үстіміздегі жылы аудан колхоздарында жоспар бойынша 5 мың бастық қарамал, 650 бастық бұзаулар тұратын, 9 мың бастық қой қоралары салынуға тиіс. Мұнымен бірге 9 мың бастық құс үйі, 300 бастық шошқа қоралары салынуы керек.

Бұл құрылыстарға мемлекет тарапынан 3900 текше метрге жуық ағаш, 700 мың сом ақша және көптеген басқа да құрылыс материалдары босатылды. Бірақ, аудан колхоздарының осы көмегі нашар пайдаланылуынан құрылыс жұмыстарының қарқыны төзгісіз баяу болып отыр. Мұның негізгі себебі—МТС және колхоз басшыларының пар жұрту және шөп шабу науқандарымен бірінғай ғана шұғылданып, мал қораларын салу жұмысын бетімен жібергендігі болып табылады.

Бұдан біраз күн бұрын аудандық Совет аткомінің сессиясы болды. Сессия үстіміздегі жылы колхоздардағы құрылыс жұмыстарының барысына талдау жасап, бірқатар колхоздар мен МТС басшыларының бұл жұмысқа басшылық етудегі кемшіліктерін сынады және ол кемшіліктерді жою шараларын белгіледі. Сессия бұл шаралардың жүзеге асырылуына басшылық етуді аудандық Совет аткомі председателінің орынбасары Буянский жолдасқа тапсырды.

Сессия өткелі бір айдан астам уақыт болды. Сонан бері колхоздарда құрылыс жұмыстарынан не істелді, оған Буянский жолдас қалай басшылық етті, енді соны айталық. Рас, Буянский жолдас қолхоздарға бармайды дегуе болмайды. Не пайда, ол колхозға келгенде құрылыс жұмыстарының жағдайымен жете таныспайды. Бұл істе орын алған кемшіліктерді жою жөнінде колхоз басшыларына көмектеспейді.

Мал қораларының құрылыс жұмыстары, әсіресе, Куйбышев атындағы, «Семеновод», «Большевик», Ворошилов атындағы колхоздарда өте-мөте нашар. Быыл «Большевик» колхозы жоспар бойынша 200 бастық шошқа, 70 бастық бұзау, 300 бастық қарамал және 700 бас-

Колхозда құрылыс бригадасы ұйымдастырылған. Оның құрамында 12 колхозшы жұмыс істейді. Дегенмен, бригаданың өнімді еңбек етуіне жағдай жасалмаған. Керек десе, 400 текше метрге жуық құрылыс ағаштарынан құрылыс салынатын орынға небары жартысы ғана жеткізілген. Ал, салынатын қоралардың төбесіне деген шифер материалдары күні бүгінге дейін дайындалған жоқ. Бригада да еңбек ұйымдастыру ісі тиісті дәрежеде емес. Бұған ең алдымен колхоз басқармасы кінәлі. Өйткені, олар құрылыс бригадасының мүшелерін басқа жұмыстарға пайдаланып, олардың өнімді еңбек етуіне мүмкіндік бермейді. Колхоз басқармасы құрылысшыларға кемінде 6 көлік бөлудің орнына, 3-ақ көлік бөліп отыр. Осының барлығы құрылыс жұмыстарының қанағаттанғысыз болуына әсерін тигізіп келеді.

Мұндай жағдай Куйбышев атындағы колхозда да кеңінен орын алып отыр. Бұл колхозда бір мал қорасының құрылысы өткен күзде басталды. Ал, сол құрылыс осы уақытқа дейін аяқталған жоқ. Солай бола тұрса да, колхоз председателі Никулин жолдас құрылыс жұмысының барысына қалай деген сұраққа шімірікпестен «жақсы» деп жауап береді.

—Біздің колхозда еңбекке жарамды адамдар аз. Тіпті, пішен дайындау бригадаларында қамтамасыз ете алмай жүрміз,—дейді колхоз председателі. Шынында колхоз орталығында өндіріске қатыспай жүрген жастар аз емес.

Ал, Ворошилов атындағы, «III-Интернационал» колхоздары күні бүгінге дейін бірде бір мал қораларын салған жоқ. Ворошилов атындағы колхозда тіпті құрылыс бригадасы да толық ұйымдастырылмаған. Тозығы жеткен мал қоралары жөндеуді және оларды мал қыяннан тазартуы ұйымдастыру колхоз басқармасының есінен шыққан.

Аудан колхоздарында құрылыс жұмыстарының қанағаттанғысыз болуына аудандық партия комитеті мен Совет аткомі де кінәлі деуіміз керек. Өйткені, олар колхоздардағы құрылыс жұмыстарының жайымен үнемі танысып, оған жанды басшылық жасап отырмайды. Тіпті, аудандық Совет аткомі колхозды-село құрылыс бөлімінің қызметкерлерін құрылыс жұмыстарын басқаруға пайдаланбай келеді. Бұған дәлел аудандық партия комитеті мен Совет аткомі колхозды-село құрылыс бөлімінің меңгерушісі Котельников жолдас бір колхозға тұрақты өкіл ретінде пайдаланып келеді. Соның салдарынан Котельников жолдас колхоздардағы құрылыс жұмыстарының жайымен таныс емес. Штаб бойынша бұл бөлімде құрылыс техникі болуға тиіс. Ол күні бүгінге дейін тарапындалмаған. Сондықтан да кейбір колхоздарда мал қораларының құрылысы жаңа жобалар бойынша салынбай отыр.

Аудан басшылары колхоздарда мал жо-

не деген жеке бөлме жоқ. Оқу үйі ауылдық Советтің тар бөлмесінде, пошта бөлмесімен бірге орналасқан. Өткен жылда алынған жаңа оқу үйінің толық жабықтылығы пайдаланылуға берілетін уақыты жетсе де, күні бүгінге дейін бұл жұмыстар аяқталмай отыр. Бұл—Бірінші май ауылдық Советінің председателі У. Есенғұлов жолдастың әлі де болса, мәдени-ағарту жұмыстарына еркін көңіл бөлмеуі салдарынан кездесін отырған кемшілік.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді дереу жойып, үгіт-бақаралық, мәдени-ағарту жұмыстарын колхозшылар тілегіне сай етіп жүргізу — біздің алдымызға қойылған басты міндетіміз болып отыр.

М. ЗАҒЫПАРОВ,

Булаев ауданы, Бірінші май ауылдық Советі жанындағы оқу үйінің меңгерушісі.

КОЛХОЗ КЛУБЫНДА

Жазғы кеш. Батып бара жатқан күннің қызыл арай шұғыласымен шағылдықан Желекөл көлінің солтүстік-батыс беткейін түгел алып жатқан көлемді селонның орталық алаңындағы колхоздың клубы алыстан көз тартады.

Күндіз қызу еңбек майданында болып, кешкі демалысты село орталығында өткізгісі келген жастар — пішеншілер, тракторшылар, мал шаруашылығындағы еңбек ететіндердің жол-жөнекей салған әдемі әндері мен көңілді күйлері желеіз таза ауада ағыстан-ақ естіліп тұр.

Пішен шәбүда өз нормасын екі есе орындаған Сержанын көңілі бүгін бүрбіреріменнен да шат. Үйге бет алып келе жатқан топтың алдыңғы жағындағы жас, сұңғақ бойлы, бұйра шаш, кара көз қызды өзіне қаратып:

— Мая, бүгін клубқа барайық, би билерміз, болмаса көркемөнерпаздардың концертін көріп қайтармыз,—дейді ол, жұрт естіп қалмасын дегендей дауысын бәсең шығарып.

Көп кемікпей жастар тобы клуб үйіне жыйыла бастады. Клуб мерекедегідей безендірілген. Тобылығы түсті барқыттардан жасалған сахна шымылдықтары Ильич шамдарының нұрымен ерекше көрік беріп тұр.

Міне, концерт те басталды. Кейде баяулап, кейде көтерілген әсем ән мен сазды күй құлақтан кіріп, бойды алғандай. Мая мен Сержа клубтағы концерттен кеміргікпен келді. Концертті ұйып тыңдап отырғандардың көңілдерін бұзбайын дегендей, олар аяқтары енінен басып, залдың орта шеніндегі бос орындықтарға отырғыса кетті. Көп залдағы 300-ге тарта көрші концертті зейін қойып тыңдай қалыпты. Зор шабытпен шырақалған әсем ән, ағысы басым әуендей арындап, бір шақ толастауы-ақ мұң екен, жұрт ду қолшанақтап жіберді. Бұл өз өнерімен жұртшылықты сүйсіндіріп тұрған МТС жұмысшысының қызы Ирма Герт болатын. Ол осыдан бірер жыл бұрын колхоз клубында болған бір концертте өзінің әншілік өнерімен көзге түскенді.

Мұнда дарындылар жалғыз Ирма Герт

мәселеге баса назар аударып. Әресе, дала қостарында жұмыс істейтін егіншілерді мәдени қамтуды олардың өскелең мәдени тілектерін қапағаттандыру дәрежесінде жүргіздік. Егіншілерді мәдениетті қамту жөніндегі жоспарда оларға лекция оқу, саяси, ғылыми-жаратылыс және халықаралық жағдайлар жөнінде жүйелі түрде әңгімелер өткізіп отыру қарастырылды. Колхоз үгітшілері Қожахметов, Саруаров, Бірсаев жолдастар дала қостарында үнемі болып, егіншілермен әңгімелер өткізіп, жауынгерлік листоктар шығарып отырды. Ал, оқу үйінің басшылығымен ұйымдастырылған «Тың және тыңайған жерді игерудің ауыл шаруашылығын өркендетудің маңызы туралы» агроном Кеңезжолдин лекциясын колхозшылар қызыға тыңдады.

Оқу үйі егіншілерді кітаптармен, газет-журналдармен қамту ісіне де баса көңіл аударды. Сол сияқты, әрбір дала

рахманов жолдас тікелей басшылық жасап отырады. Ол, әресе, біздің өз жұмыстарымызды шаруашылық жұмыстармен ұштастыра жүргізуімізге кеңес беріп отырады. Сол сияқты, іс жоспары жасалғанда ауыл шаруашылығын өркендету міндетін орындау жолындағы қызу күреске ұштасқан колхоз еңбекшілерінің өскелең мәдени тілектерін толық қапағаттандыру шараларын қарастыруға көмек береді.

Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінің оқу үйі кәзіргі уақытта қоғамдық малға берік жемшөп қорын жасап жатқан колхозшылар арасында үгіт-көпшілік және мәдени-ағарту жұмыстарын кеңінен жүргізуді жоспарлап отыр. Біз сөйтіп, оқу үйінің селодағы мәдениет орталығы болуына жетісу жолындағы қажырлылықпен еңбек ететін боламыз.

А. ИБРАГИМОВ,

Преснов ауданы, Аманкелді атындағы колхоз оқу үйінің меңгерушісі.

дың күшімен жиі-жиі концерт беріліп, постановкалар қойылып тұрады.

Клубта 250 орны бар көрушілер залы, кең сахна, көркемөнерпаздардың киетін бөлмесі, оқу залы тағы басқа да бірнеше бөлмелер бар.

Колхоз басшылары клуб үйінің колхозшылар тілегіне сай жұмыс істеуіне, оның музыкалық аспаптарының жеткілікті болуына ерекше көңіл бөліп отырады. Соңғы жылдардың өзінде клуб үйіне керекті қымбат бағалы бұйымдар — дианно, радиол, баян, сырнай, радиоабылдағыш, мандалин, гитар тағы басқа түрлі музыкалық аспаптар сатып алынды. Тек осы клуб тарапынан колхоз бригадаларына 5 радиоабылдағыш, шахмат, дойбы беріліп отыр.

Колхоздың клуб үйінің көркемөнерпаздары қандай постановка қойса да, қай халықтың биін билесе де пьеса мен би, ән мазмұндарына лайықтан киетін қастықтарды осы клубтың өзінен табылады.

Клуб шын мәнінде колхозды-деревняның мәдени орталығы болып отыр. Мұнда жүргізілетін жұмыстар әр алуан. Мәселен, мұнда колхозшыларға кино көрсету ісі де жүйелі түрде жүргізіліп отырылады. Ол үшін клубтың бір бөлмесінде бір сеанста кезектесе жұмыс істейтін екі кино аппарат орналасқан. Клуб советінің жасаған жоспары бойынша мұнда айына 15—20 рет село еңбекшілеріне кино көрсетіліп отырылады.

Сонымен қатар клуб үйінде колхозшылар үшін жиі-жиі лекциялар оқылады. Жақында колхоз агрономы Н. Белаконь «Колхоздарда пар жырту — келесі жылғы мол өнімнің негізі», колхоз партия ұйымының секретары А. Давыдов «Пішен жыйнау жұмысын тездетейік», «Мал шаруашылығына берік жемшөп қорын жасаймыз» деген тақырыптарда лекциялар оқыды. «СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдары — ауыл шаруашылығын оңан әрі өркендетудің негізгі программасы», деген сияқты тақырыпта да бірнеше лекциялар оқылды.

Клуб үйінде айында екі рет шығатын «Жоғары еңбек өнімділігі үшін», қабыр-

Октябрь ауданы, Городецкий селолық Советі жанындағы оқу үйінің меңгерушісі.

Мәдени-үгіт бригадасы

Чистов селолық Советі (Мамлют ауданы) оқу үйінің жанында құрамында 30 адамы бар мәдени үгіт бригадасы ұйымдастырылды. Оны оқу үйінің меңгерушісі Костин жолдас басқарады.

Бұл күндері мәдени үгіт бригадасы колхоздың дала қостарында болып, пішеншілер мен механизаторларға концерттер қойып беруде.

Бригаданың көркемөнерпаздары Жаумов, Птибер, Овачно, Андреева, Румянцев және басқалары өздерінің көркемөнер шеберлігімен көзге түсіп, жұртшылықтың құрметіне бөленуде.

Жақында бригада көршілес Сливное және Коваль селоларының еңбекшілеріне де концерттер қойып берді.

га газеті клуб қызметкерлерінің, үгітшілердің және колхоздың жұмыс салаларындағы кездесіп отырған кемшіліктерді қатты сынаға алып отырады.

Клубта жиі-жиі әдебиет кештері ұйымдастырылады. Тек 1954 жылдың соңғы айларының өзінде жазушылар Галина Николаеваның «Егін орағы», Вилис Лацистың «Жаңа жағаға», Украинаның Ротсиямен қайта қосылуының 300 жылдығы қарсаңында украин жазушысы Натан Рыбактың «Переяслав Радасы» кітаптары жөнінде көп адам қатынасқан кітап оқушылар конференциясы өткізілді. Бұл кештерді клуб жұмысына белсене қатынасатын орта мектеп оқытушылары Клара Витчинина мен Зоя Черепанова жолдастар басқарды.

Клубтың кітапханасы да колхозшылар тілегіне сай жұмыс істеп келеді. Кітапхана жыл сайын совет жазушыларының соңғы еңбектері, жаңа кітаптармен толықтырылып отырылады. Өткен 1952 жылда кітапхананың кітап қоры мыңнан астам болса, кәзір мұнда 3500 шамалы кітаптар бар. Саяси, ғылыми, әдеби және жаңа техникаларды игеру жөніндегі көптеген кітаптарды алып оқуға болады.

—700-ден астам оқушымыз бар. Жұрттың көбі бізде бар кітаптарды оқып бітірді, —дейді клуб, әрі кітапхана меңгерушісі Иван Сергеев жолдас.

Шынында да солай болуы мүмкін. Өйткені, колхоз сауыншысы Екатерина Пастух, трактор бригадасының есепшісі Анна Птицина, Иван Соколенколардың әрқайсысы ауыл шаруашылығы жөніндегі кітаптарды қоспағанда 20-дан астам роман оқыпты.

...Қасқарал басталған клубтағы жастар концерті түннің біразына дейін созылды. Қажырлы еңбек етіп, көңілді дем алып жүрген жастар тобының шат әндері түнгі таза ауада алысқа кетіп жатты.

—Біздің клуб — селодағы мәдениет орталығы, —дейді бұл жастар тобына қарап клуб меңгерушісі Иван Сергеев. Шынында да солай.

М. ЖАРАСОВ,

Преснов ауданы, Благовещенко селосы.

тың көп қоратарын салуға тиіс. Бұл колхозға бірқатар құрылыс материалдары босатылды. Алайда, колхоз басқармасы, оның председателі Гунченко жолдас бұл жұмыстың тынғылықты жүргізілуіне басшылық жасамай келеді.

рушісі Нургожин, бригадир Құсайынов сияқты баспасөзге жазылудан бойын аулақ ұстап жүрген коммунистер мен активтер де ауданда аз емес.

З. ҚАСКЕЕВ,
Боголобово (Арнаулы тілшіміз).

Редакцияға хат

Газет, журнал оқуға қолдары тимей ме?

Октябрь ауданында советтің баспасөздің маңыз, мақсатына жете мән бермей, газет, журналдарды оқуға «қолдары тимейтін» басшылар мен коммунистерді жиі кездестіруге болады. Солардың бірі «Плама» ауылшаруашылық артелінің председателі Сенкин жолдас. Сенкин жолдастың газет, журнал алдырғы оқымағанына екі жыл болды. Газет, журналдарға жазылыңыз, — деген байланыс қызметкерлеріне Сенкин жолдас: семьям аудан орталығында тұрады, газет, журналдарға солар жазылып, алғызар, ал, мен оқыптын газет осы колхоздан да табылар, деген қыйсыныс жауап беріп, баспасөзге жазылудан бойын аулаққа салады.

Ишим совхозы партия бюросының секретары Павел Федорович Цибин, «Қызылту» колхозының қой фермасының меңгерушісі коммунист Таманов, дүңкт меңге-

рушісі Нургожин, бригадир Құсайынов сияқты баспасөзге жазылудан бойын аулақ ұстап жүрген коммунистер мен активтер де ауданда аз емес.

Торангүл МТС-нің директоры Петров, бас зоотехнигі Қасымов, бухгалтері Дроздова, аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы, тобының нұсқаушысы Литвинов жолдастар баспасөз таратуда байланыс қызметкерлеріне көмек көрсету былай тұрсын, тіпті өздері де күні бүгінге дейін газет, журналдарға жазымай отыр.

Жоғарыда аталған жолдастардың, газет, журналдарды алғызып оқуға шаруашылық жұмыстардан қолдары тимей ме, жоқ олар баспасөзге мән бермей ме? Бұл сұрағымызға жауапты аудандық партия комитетінен күтеміз.

А. ЖАНҰЗАҚОВ.

Сүт неліктен аз сауылды?

Октябрь ауданындағы Сталин атындағы колхозда кәзір 143 сауын сыйыр, бұзаулайтын 12 тұмса бар. Сыйыр саууда 10 сауыншы жұмыс істейді. Барлық сауын сыйырлардың уақытында сауылып, жасы күтуі үшін енді 3 сауыншы тағайындалуға тиіс еді. Бірақ, колхоз председателі Т. Омшин, мал фермасының меңгерушісі А. Артамонов жолдастар сауын сыйырлардың көбеюіне қарамастан, қосымша сауыншылар тағайындау мәселесімен жете шұғылданбай отыр.

Бұл жөнінде колхозшылардың жауырда болып өткен жалпы жыйналысында белгіленген шаралар да орындалмай қалды. Сауыншылардың жеткіліксіз болуы сыйырлардан сүттің аз сауылуына әкеліп соғып отыр. Мәселен, июнь айы ішінде 143 бас сыйыр сауылып, ай бойына олардан не бары 30949 литр, яғни әрбір сыйырдан күніне 7 литрден ғана сүт сауылды.

Клуб құрылысы аяқталмай отыр

Преснов ауданындағы Ленин атындағы колхоздың басқармасы колхозшылардың мәдени тілегін тыңғылықты өтеу мәселесіне жете мән бермей келеді. Колхозға аудан орталығынан жиі-жиі жылжымалы кинолар келіп тұрады. Бірақ, кинофильмдерді қойып көрсететін орын болмағандықтан, оларды колхозшылардың басым көпшілігі көре алмайды.

Мұнда клуб салына бастағанына бір жыл уақыт өтті. Колхоз председателі Шейженов жолдастың колхозшылардың мәдени және рухани тілегін өтеуге жете мән бермеуінен мұнда құрылыс жұмысы күні бүгінге дейін аяқталмай, клуб

үйінің іргесі қаланған калпында қалып қойып отыр.

Артель мүшелері өздерінің мәдени тілектерін тыңғылықты өтеу, әресе, клуб үйін тез салып болып, оны пайдалануға беру жөнінде колхоз басқармасы мен ауылдық Совет атқомі алдына бірнеше рет мәселе қойған болатын. Бірақ, колхоз және ауылдық Совет басшылары колхозшылардың орынды талабынан тиісті қорытынды шығармай келеді. Клуб үйінің құрылысы қашан шыдап қолға алынар екен?

Н. ТӨЛЕПОВА.

Жаңа оқу жылына мектептерді үлгілі әзірлейік

Жаңа оқу жылына мектептерді үлгілі әзірлеу—мемлекеттік маңызы зор іс. Оқушылардың әр пән жүйесінен терең білім алуы, сабақтың идеялық жоғары дәрежеде маңызды болып өтуі жаңа оқу жылына үлгілі әзірленуге байланысты.

Былғы жетіжылдық, орта мектеп саны жылдағыдан анағұрлым көбейгелі отыр. Облысымыздың бірқатар жетіжылдық мектептері оңжылдық мектептерге айналдырылады. Мұнымен бірге жаңа ұйымдастырылған совхоздарда бастауыш, жетіжылдық және орта мектептер ашылып, олар да еліміздің басқа мектептері сияқты сентябрьде 1954—55 оқу жылын бастайтын болады.

Мектептер санының көбеюі көптеген құрылыс жұмыстарын жүргізуді қажет ететін сөзсіз. Өйтпесін, кейбір жетіжылдық мектептердің бөлмелері шағын болғандықтан оларды оңжылдық мектепке айналдыруға болмайды. Мұндай мектептерге жаңадан бөлмелер қосып, оны кеңейту міндеті қойылып отыр. Ал, жаңа совхоздарда, бұрынғы мектеп үйлері болмаған жерлерде, құрылыс жұмыстары үстемізіндегі жылы ғана жүргізіле бастады. Жаңа оқу жылына бірқарым айдай ғана уақыт қалды. Аудандық оқу бөлімі меңгерушілерінің, мектеп басшыларының бүгінгі таңдағы ең негізгі міндеті—осы уақыттың ішінде құрылыс жұмыстарын қызу жүргізу арқылы мектепті жаңа оқу жылына дер кезінде әзір ету. Міне, тек осы міндеттерді орындаған уақытта ғана партия мен үкмет алға қойын отырған жауапты міндетті аброймен орындап шыға аламыз.

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомінің жоспарлауы бойынша былғы 55 мектеп күрделі жөндеуден, 486 мектеп жай жөндеуден өтпек. Мұның үстіне 8 жетіжылдық мектеп оңжылдық мектепке айналдырылады. Ал, совхоздарда бұған қосымша 11 бастауыш және бір жетіжылдық мектеп ашылады. Мемлекет бұған қажетті қаржымен мектептерді толық қамтамасыз етіп отыр. Бұл күндері облысымызда жаңадан мектеп салу, күрделі, жай жөндеу жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде.

Қазірдің өзінде 209 мектеп жай жөндеуден өткізіліп, жаңа оқу жылына әзір тұр. 200-ден астам мектептер қысқа кезекті отынды дайындап, оны мектептердің қасына тасып алды. Ал, жөндеуге тиісті 4000 партияның үш мыңнан астамы толық жөндеуден өтті.

Мектептерді көрнекі құралдармен, оқулықтармен және басқа қажеттерімен қамтамасыз ету жұмыстарына да айтарлықтай көңіл бөлінуде. Облысымыздың сауда орындарына миллионнан астам дәптер, 200 мың дана оқулықтар түсті. Мұны облыстық, аудандық оқу бөлімдері сауда орындарымен келісе отырып, жергілікті жерлерге жөнелтуде.

Мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу

раімдер үшін 300 мың сом қаржы бөлінді.

Алайда, жаңа оқу жылына мектептерді әзірлеу жұмысында бірқатар кемшіліктердің әлі де орын алып отырғанына тіпті төзуге болмайды. Мұның ең негізгі себебі жергілікті партия, совет ұйымдарының мектептерді жөндеу, оларды салу жұмысына басшылығының нашарлығынан, сауда орындарының мектептерді құрылысқа қажетті материалдармен қамтамасыз етпеуінен туып отыр.

Совет ауданындағы Қыялы орта мектебінде жаңа құрылыс жұмыстарының жүргізіле бастағанына екі жылдай уақыт болды. Құрылыстың техникалық документтерін дұрыс жоспарламағандықтан мектептің табаны (фундаменті) екі рет қайта қаланды. Мұнда құрылыс жұмыстары көзір де тым сыбыр жүргізілуде.

Қазглавупренаб»-тың Петропавлдағы базасының директоры Шелкунов жолдастың кінәсінен Мамлют ауданының орталығындағы орта мектептің құрылыс жұмыстары тоқтап тұр. Сол сияқты қаладағы жаңа мектептер салу жұмыстары да төзгісіз нашар жүргізілуде.

Облысымыздың бірқатар аудандарында мектептерді жөндеуден өткізу, оларды қажетті отынмен қамтамасыз ету жұмыстарына күні осы уақытқа дейін жете мән берілмей отыр. Қонохов ауданында 7, Полудень ауданында 8 мектеп ғана жөндеуден өткен. Ал, Булаев, Қонохов, Совет, Октябрь және басқа аудандардың оқу бөлімдері мен мектеп басшылары отын дайындаудың ең қолайлы мерзімін болмағанын желеулермен босқа өткізуде. Булаев ауданының 12 мектебінде, сол сияқты Октябрь ауданының 22 мектебінде күні осы уақытқа дейін бірде-бір текшеметр отын әзірленбеген. Аталған аудандарда көрнекі құралдар, оқулықтар және жазу әбзелдерін әзірлеу ісіне де айтарлықтай көңіл бөлінбей отыр.

Мұндай кемшіліктің негізгі себебі ауылдық және селолық Советтердің мектептерді қаржымен деркесінде қамтамасыз етпеуінен, ал, мектеп басшыларының мұны пайдаланып, қаржы, құрылыс материалдары жетімсіз деген сылтауға салынып, іске нақтылы басшылық жасамауынан туып отыр.

Оқулықтар мән көрнекі құралдарды жергілікті мектептерге жеткізу ісінде де көптеген кемшіліктер бар. Аудандық, селолық тұтынушылар одағының кінәсінен оқулықтар мен көрнекі құралдар көп уақыттар бойы қоймаларда жатып қалады. Оқулықтарды тасыған уақытта олардың бүлінбеуіне жеткілікті көңіл бөлінбейді. Мәселен, Октябрь аудандық тұтынушылар одағының председатели Юдин жолдастың кінәсінен көптеген оқулық бір аз уақыт бойы Есіл өзенінің жанында, ашық жерде жатып бүлінді. Мұндай кемшіліктерге тіпті төзуге болмайды.

Жаңа оқу жылына үлгілі әзірлену,

Халықтың дауыс беруінің нәтижелері туралы Отто Гротевольдің мәлімдемесі

ПРАГА, 5 июль, (СОТА). Газеттерде Чехословак телеграф агенттігінің Берлиндегі тілшісінің Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротевольмен халықтың дауыс беруі туралы жасаған әңгімесі жарияланды.

«Бітім договоры және оккупациялық әскерлердің әкетілуі үшін бе, немесе «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договор мен «жалпы договор» және оккупациялық әскерлерді 50 жылға қалдыру үшін бе?» деген мәселе жөнінде халықтың дауыс беруінің нәтижелері туралы айта келіп, Гротеволь былай деген: Герман Демократиялық Республикасының азаматтары өзінің дауыс беруімен бейбітшілікке ұмтылған еркін білдірді, ГДР үкіметінің бейбітшілік саясатына толық сенім білдірді.

Халықтың дауыс беруінің нәтижелері, деп атап көрсеткен Гротеволь, Батыс Германияда егеулі әсер тудырады, бұл сөзсіз. Бұл нәтижелер «европалық қорғаныс бірлестігі» саясатының герман және американдық жақтаушыларына қарсы патриоттардың күресінде жаңа инициатива тудырады. Гротеволь Батыс Германиядағы халық күштері көзінді өзінде едәуір табыстарға жетті деп атап көрсеткен. Сол-

түстік Рейн-Вестфалия өлкесі Ландтагін жуырда болып өткен сайлауы осындай табыстардың бірі болып табылады. Сайлаушылар аденәуэрлік саясаттың американдық бағытын айыптады. Мұның өзі, деген Отто Гротеволь, Батыс Германияның саяси тұрмысындағы бетбұрыстың бастамасы болып табылады. Бұл сайлау өзінің маңызы жағынан халықтың дауыс беруімен тең деп мәлімдеген Аденәуэрдің өзі де жеңіліске ұшырағанын мойындауға мәжбүр болды. ГДР-дегі халықтың дауыс беруі және Солтүстік Рейн-Вестфалия өлкесіндегі сайлау герман халқының ұлттық проблемаларын шешу жолындағы күресте жеткен жаңа табыстары болып табылады.

Европадағы американдық күш жұмсау саясаты, деген Гротеволь, сөзсіз сәтсіздікке ұшырайды. Европаның бейбітшілік халықтары, американдық «блөктеріне» қарсы шығып, Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы договор жасау жағындағы Совет Одағының ұсынысына қолдады, ал бұл ұсыныстың жүзеге асырылатынында күман жоқ.

Гротеволь бұдан кейін аденәуэрлік тәртіптің саяси дағдарысы туралы мәселеге тоқталған. Боннда, деген ол, Аденәу-

эрге қарсы күшті оппозиция туған. Бұл оппозицияға әскери адамдар, өнеркәсіп иелері, өлкелік үкметтердің министрлері, депутаттар және тіпті Аденәуэр үкметінің мүшелері де қосылуда.

Мәлімдемесінің қорытындысында Отто Гротеволь былай деген: егер Батыс Германияның еңбекшілерін бір қозғалысқа біріктіруге қол жетсе, егер коммунистер, социал-демократтар және христиандық-демократиялық одаққа мүше жұмысшылар өздерінің әлеуметтік және ұлттық талаптары үшін, мұның өзі Батыс Германияның көптеген қалаларында көзінді өзінде-ақ болып отырғанындай, жаппай күш жұмсап күресетін болса, егер олар Америкаға қарсы барлық күштерімен қосылатын болса, онда Аденәуэр бұрынғыдан да гөрі оқшауландырылып, оны құлатуға мүмкіндік туады. Міне сонда халықаралық шиеленісті босқанды саясатының Германияда келісімдер жасау және Европаның қалған елдері арасында келісімдер жасау саясатының жолында ешқандай кедергілер тумайтын болады. Аденәуэрмен бірге «европалық қорғаныс бірлестігі» де күйрейді, ал оның күйреуі Германияны бейбітшілік пен демократия негізінде біріктіруді жақындата түседі.

Бонн канцлерінің соғысқұмарлық мәлімдемесі Францияға жасалған жаңа қысым

БЕРЛИН, (СОТА). Кеше радио арқылы сөз сөйлеген батысгерманиялық канцлер Аденәуэр «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы мәселе жөнінде бұдан былай дискуссия жасауға үзілді кесілді қарсы шыққан. «Қатысушы алты үкметтің,—деп мәлімдеген ол,— европалық қорғаныс бірлестігі туралы договор жағындағы мәселе жөнінде жаңа келіссөздер жүргізуін мен артық деп санаймын». Аденәуэр француз парламентінен «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды жедел бекітуін талап етіп, оны бекітпеген күнде батысгерманиялық «ұлттық армияны» жедел құрамыз деп қорқытқан.

«Франция европалық қорғаныс бірлестігінен бастартқан күнде,—деп мәлімдеген Аденәуэр,—біздің ұлттық неміс армиясын құрудан басқа ешқандай амалымыз болмайтынын еске ұстайық».

Аденәуэр өзінің сөзінде былай деп атап көрсеткен: біз, сайып келгенде, қыймыл жасай бастауға тиіспіз, ал қыймыл жасауға кедергі болатын кешеуілдеушілік үзілді-кесілді жойылуға тиіс.

Аденәуэр Батыс Германияға суверенитет берілуін тағыда талап етіп, оның өзінде суверенитет туралы мәселені Бонн договорымен байланыстырған; ал бұл договордың мемлекеттік суверенитет деген ұғыммен сыйыспайтындығы жұртқа мәлім болған бұл договор Батыс Германия-

БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Советінде

ЖЕНЕВА, (СОТА). БҰҰ-ның Экономикалық және Әлеуметтік Советінің Әлеуметтік комитеті әйелдердің саяси, әлеуметтік және азаматтық праволары туралы мәселені талқылауды аяқтады.

БҰҰ-ның әйелдер жағдайы туралы мәселе жөніндегі комиссиясының 8-ші сессиясы 1954 жылғы мартта қабылдаған қарарларға сәйкес, Әлеуметтік комитет бірқатар қарарларды қабылдаған; бұлардың ішіндегі аса маңыздылары: әйелдердің саяси праволары туралы Келісім жағындағы қарар, тең еңбекке тең ақы төлеу туралы, ерлі-зайыптылардың некелеті тең праволылығы туралы, тұрмысқа шыққан әйелдің өздігінен еңбекпен шұғылдану правосы туралы және әйелдерді білім алуға қатыстыру туралы қарарлар болып табылады.

Әйелдердің саяси праволары туралы Келісімді БҰҰ Бас Ассамблеясы 1952 жылғы декабрьде қабылдаған болатын. Бірақ осы уақытқа дейін бұл Келісімді 7 мемлекет қана, соның ішінде СССР, УССР және БССР ғана бекіткен.

Осыған байланысты БҰҰ-ның әйелдер жағдайы туралы мәселе жөніндегі комис-

сиясының 8-ші сессиясы БҰҰ-ның Экономикалық және Әлеуметтік Советінің осы сессиясының қарауына әйелдердің қарапайым саяси праволарын жариялайтын бұл Келісімге қол қойып, оны бекітуге барлық мемлекеттерді шақыратын қарар жобасын талпырды.

Жоғарыда көрсетілген қарарлар жобаларын талқылаған кезде батыс елдерінің делегациялары әйелдердің праволары туралы талқылауын отырған ережелердің өзілетті және адамгершілік іс екендігін сөз жүзінде мойындады. Бірақ бұл қарарларға қарсы дауыс берді, формальдык сылтаулармен қалыс қалды, немесе қарарлардың тиімділігін кемітетін түзетулер енгізді.

Саяси, әлеуметтік және азаматтық тұрмыстың бірқатар салаларында әйелдер праволарының еректер праволарымен теңділігін жариялайтын қарарлар қабылдауға кедергі келтіру үшін АҚШ делегациясы бастаған кейбір делегациялардың күш жұмсағанына қарамастан, Әлеуметтік комитет мүшелерінің көпшілігі бұл қарарларды қабылдауды жақтап шықты.

Австрия демократиялық одағының председатели Добретсберггердің сөз сөйлеуі

ВЕНА, (СОТА). Австрия демократиялық одағының председатели профессор Добретсберггер одақ активтерінің жыйынысында Австрияның халықаралық

веттік агенттер туралы мылжың сөздердің ешқандай маңызы жоқ. Қазіргі уақытта үсті-үстіне қатты айтылып отырған: «біз ештеңе де істей алмаймыз, өйт-

ВЬЕТНАМДАҒЫ ЕКІ КОМАНДОВАНИЕ ӨКІЛДЕРІНІҢ КЕЛІССӨЗДЕРІ

ПАРИЖ, 6 июль. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, кеше Тунг-Жиада Вьетнамдағы екі командование өкілдерінің соғыс кеңесінің кезекті мәжілісі болған.

Мәжілістен кейін мынадай бірлескен мазмұндама жарияланған:

«5 июльде Тунг-Жиадағы соғыс кеңесі жаралы және ауру соғыс тұтқындарын берудің, сөйтіп, Женева кеңесінің қарарларын жүзеге асырудың принциптері мен шарттарын талқылады. Екі делегация бұл тұтқындарды берудің принциптері мен шарттары туралы келісімге келді. Тұтқындардың алғашқы тобын беру 14 июльге белгіленді».

ЖАПОНИЯ МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДА БАЙЛАНЫСТАР ОРНАТУ ҮШІН

ШАНХАЙ, 6 июль. (СОТА). Жапония Киодо-Пукин агенттігі былай деп хабарлады: Жапон-Қытай достығының қоғамы балық аулау саласындағы Қытай Халық Республикасымен қатынастарды жақсарту жолдары мен әдістерін талқылау жөнінде 9 июльде Осакада кеңес өткізуді белгіледі. Кеңес үш күнге созылады.

ФРАНЦУЗ СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ СЪЕЗІ

ПАРИЖ, 6 июль. (СОТА). Бұдан бұрын хабар етілгеніндей, Француз социалистік партиясының 46-шы съезі «европалық қорғаныс бірлестігін» құруды мақұлдаған. Съезд мақұлдаған басқа қарарларда ол барлық жанжалдарды бейбітшілікпен шешуді, атап айтқанда, Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын тезінен тоқтатуды жақтаған. Мұның үстіне, съезге қатысушылар Тунис пен Мароккода «батыс реформалар» жасауды, Шығыс пен Батыс арасында мәдени және экономикалық байланысты ұлғайтуды, бейбітшілікпен қатар өмір сүруді қамтамасыз ету мақсатымен келіссөздер жүргізуді, Қытай Халық Республикасын тануды талап еткен және Оңтүстік-Шығыс Азия үшін Құрама Штаттар әзірлеп жатқан соғыс шартының жобасына қарсы шыққан.

Бұл қарарлар қалың француз жұртшылығының, атап айтқанда, қатардағы социалистердің халықаралық шиеленісті босқанды жолдарын іздестіру жағындағы күшейін отырған талаптарының бейнесі болып табылады.

АҒЫЛШЫН ҚАУЫМДАР ПАЛАТАСЫНДА

ЛОНДОН, 6 июль. (СОТА). Парламенттің лейборист мүшелері кеше қауымдар палатасында сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік министр Селвин Ллойдка сұрақтар қойып, Гватемаланың БҰҰ Хауіпсіздік Советіне берген шағымына Англияның көзқарасын қатты сынаған.

Пресс ассоциацияның агенттігінің хабарына қарағанда, лейбористер былай деп көрсеткен: Гватемалара қарсы агрессияны Құрама Штаттар жүзеге асырды, ал, интервенция мен мемлекеттік төңкеріске дем беруші американдық «Юнайтед Фрут компани» монополиясы болып табылады.

Парламенттің кейбір мүшелері Гватемала-

лық көп көмек көрсетуде. Мәселен, Булаев ауданындағы Вовышен астық совхозы (директоры Богинич жолдас) қоғамдық итернат үшін 6 бөлмелі үй бөлді. Осы ауданның Совет совхозында (директоры Чаусов жолдас) мектеп үшін 4 бөлмелі үй салынып жатыр. Мұның 2 бөлмесінде химия, физика бөлмелері болады. Сол сияқты Мамлют ауданының Балутино селосында да 4 бөлмелі мектеп үйінің құрылысы ойдағыдай аяқталып келеді.

Мұғалім кадрларды тұрғын үйлермен, отынмен қамтамасыз ету ісі де айтарлықтай шешілуде. Қазақ ССР Министрлер Советі бекіткен жоспар бойынша быйыл облысымызда мұғалімдер үшін өзара салықтан түскен қаражаттан 15 үй салынады. Бұдан басқа, жеке тұрғын үй салушы мү-

қолайлы жағдан жасау—оқуақалықтық іс. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары мектептерді жөндеу, оны жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу жұмысына басшылықты анағұрлым жақсартып, мектеп басшыларының, оқу бөлімдерінің жұмысын күнбе-күн бақылауға алып отыруға тиіс. Ал, мектеп басшылары көзгірі қолайлы кезеңді босқа өткізбей, қолдағы бар мүмкіншіліктерді сарқа пайдалану арқылы қысқа мерзім ішінде мектеп құрылысы, жөндеу жұмыстарын аяқтауға міндетті. Міне, сол уақытта ғана партия мен үкімет қойып отырған талаптарға іспен жауап беріп, оны абыроймен орындай аламыз.

С. ШЕВЧЕНКО,

Облыстық оқу бөлімінің инспекторы.

МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫ

Полудень ауданында жаңа мектептер салу ісі қызу жүргізілуде. Бұл ауданда быйылғы жылы жаңа орта мектеп ашылмақ. Бұл — аудан бойынша үшінші орта мектеп. Бугрово селосының еңбекшілері бұрынғы жетіжылдық мектепті орта мектепке айналдыру ісіне қызу ат салысуда. Молотов атындағы ауылшаруашылық арбелінің мүшелері мектеп үйі үшін құрылыс материалдарын дайындап, оны мектеп жанына жеткізу ісіне көмектесіп

жүр. Жаңа мектеп үйі үшін көзгірді өзінде қажетті цемент, кірпіш, известь және басқа материалдар дайындалды.

Аманкелді атындағы колхозда да жаңа мектеп үйінің құрылысы қызу жүргізілуде. Көзгірді өзінде бұл мектеп үйінің фундаменти қаланып, қабырғалары көтеріле бастады. Құрылысшылар жаңа мектеп үйін августтың 15-не дейін пайдалануға беруге міндеттеніп отыр.

Пионерлер мен мектеп оқушыларының техникалық творчествосының Бүкілодақтық көрмесінде

Б.К.Ж.О Орталық Комитеті, К.Б.ОС. РСФСР Оқу министрлігі және Қатынас жолдарының министрлігі 1954 жылғы декабрьде Москва қаласында пионерлер мен мектеп оқушыларының техникалық творчествосының Бүкілодақтық көрмесін өткізуді ұйғарды.

Көрмеге балалар үйлерінің, пионерлер үйлері мен сарайларының, жасөспірім техниктер станцияларының, клубтардың, мәдениет үйлері мен сарайларының, балалар секторларының коллективтері, еліміздің жетіжылдық және орта мектептерінің оқушылары қатыса алады. Жас өспірім-техниктер көрмеге өздері жасаған оқу аспаптарын, оқу программасындағы

әртүрлі нәндер бойынша жасаған көрнекі құралдарды, самолеттердің, планерлердің, корабльдердің, гидро-станциялардың, электр машиналарының, двигательдердің, темір жол транспорты объектілерінің және басқа құрылыстардың модельдерін көрсетеді. Көрмеге мұнымен қатар байланыс, радио, фото, кино, архитектуралық-құрылыс ісі саласындағы еңбектер де қойылатын болады.

Көрмеге қатысушыларға тапсырылатын 70 сыйлық, Б.К.Ж.О Орталық Комитеті мен К.Б.ОС-тың құрмет грамоталары белгіленді.

(СОТА).

Москвадағы жаңадан ашылған жоғары оқу орны

Москвада жаңадан жоғары оқу орны — тамақ өнеркәсібінің сырттан оқытатын Бүкілодақтық институты құрылды. Оның үш факультеті — технологиялық, механикалық және инженерлік-экономикалық факультеттері бар.

Институт 16 мамандықтың инженерлерін, нан пісіру, кондитер, қызылшадан қант қайнату және басқа өндіріс салаларының мамандарын, кәсіпорын жабдықтарын, өндіріс процестерін автоматтандыру, тамақ өнеркәсібінің машиналарын жасау

жөніндегі мамандарын даярлайтын болады.

Институт оқуға түсетіндерден өтініштер қабылдай бастады. Бірінші курсқа 750 адам алынды. Оқуға түсушілерге көмек ретінде барлық негізгі пәндерден жоғары оқу орны профессорлары мен оқытушыларының консультациялары ұйымдастырылды.

Сырттан оқытатын жаңа оқу орны тамақ өнеркәсібінің технологиялық институтының үйіне орналастырылды.

(СОТА).

ның 30 жыл бойы оқуға қабылданды, дейді.

Батыс еуропалық баспасөз Аденәуэрдің сөзін «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды Францияға бекітіру мақсатымен оған жасалып отырған ең күшті қысым деп бағалауда. Барлық атысын газеттері Бонн қаңділері Аденәуэрдің батысгерманиялық «ұлттық армияны» «европалық қорғаныс бірлестігінің» бірден-бір альтернативасы деп санап отырғанын атап көрсетуде.

Англияның буржуазиялық «Дейли экспресс» газеті Аденәуэрдің сөзін түсіндіреді келін, былай деп жазған: «Немістер солдат етіктерін аяғына тағы да алашады. Қаңділер Аденәуэр 2 июльде Боннда радио арқылы сөйлеген сөзінде, егер Франция еуропалық қорғаныс бірлестігі туралы договорды бекітпеген күнде, герман ұлттық армиясын құруды талап етті... Вашингтон келіссөздері аяқталғаннан кейін жарияланған Черчилль мен Эйзенхауэрдің мәлімдемесі рухын көтерген немістер қысым жасай бастады... Көзір Аденәуэрдің адамдарға әскери кінәлі қайтадан кінәсіз, оларды үйрете бастау мүмкіндігін көріп отырғаны айқын».

АҚШ ИРАНҒА РЕАКТИВ САМОЛЕТТЕР БЕРМЕК

ТЕГЕРАН, 6 июль. (СОТА). «Парчеме Хаваре мияне» газеті былай деп жазады: АҚШ авиация министрлігінің өкілі Томпсон Иранда тиісті «зерттеу жұмыстарын» жүргізгеннен кейін АҚШ Иран армиясының қарамағына реактив самолеттер беруге келісті.

Бірақ, деп жазады газет бұдан кейін, реактив самолеттер аудан бұрын, реактив самолеттерді басқара алатын ұшқыштарды жеткілікті мөлшерде үйретіп, мұндай тиісті самолеттердің ұшуына және қонуына жарамды бірнеше аэродром салу қажет.

жағдайына арнап өз сөзін айтты.

«Аншилюсті жақтаушылардың, кекшілердің және милитаристердің белсене әрекет жасай бастағанына назар аударып, Добребетбергер мынадай сұрақ қойды: өздерінің соңғы он жылдың ішіндегі саясатының қате саясат болғанын түсінсе де, жаңа жолдар мен жаңа шешімдер таба алмай отырған саяси қайраткерлер туралы не ойлауға болады?»

Абыржушылық және сенбеушілік сезімі, деп мәлімдеді Добребетбергер, коалициялық партиялардың басшы топтарынан басталып, оларды жақтаушылардың қалың бұқарасына бірте-бірте жайылууда. Бұл сөзімің оған сайын күшейіп отырған тағы бір себебі сол, Германиядағы Аденәуэр идеяларының саясаты да бірте-бірте ескіріп барады. Шынында да, егер тиісті Брюнинг пен Лютердің өздері де «күш жұмсау саясатына» қарсы шығып отырған болса, онда коммунистік және со-

ланған еліміз» деген сөздер біздің саяси қайраткерлерімізге тән сөздер болды ғарбылады. Ендеше «шарын, әлсіз және оқу-қуапияланған ел» бола тұрып, «күш жұмсау саясатын» жүргізуге неліктен қатыстық және белгілі нәтижелерге жетеміз деп неге үміттендік екен? Біздің елдің дәрменсіздігі жайындағы мылжың сөздерде түк мағына жоқ. Берлин кеңесінде біз еліміз бен халқымыздың тағдырын аз уақыт қана өз қолымызда ұстадық. Берлин кеңесінде жасалған қателікті түзету әлі де кеш емес...

Австрия, деді Добребетбергер сөзінің қорытындысында, таяудағы уақытта сыртқы саясатты өзгерту жолына түсету тиіс. Ол өзінің экономикалық, мемлекеттік және қоғамдық тәртібін сақтау үшін мұны тек мезгілінде және өз еркімен істеуге тиіс.

Ливан мен Египеттің Бейруттағы келіссөздері

БЕЙРУТ, (СОТА). Кеше Бейрутта Египеттің ұлттық басшылық министрі Салах Салем мен Ливан үкметі арасындағы бескүндік келіссөздер аяқталған.

Салемнің Ливан астанасына келуі, деп атап көрсетуде баспасөз, АҚШ пен Англияның Түркия — Пәкістан шартына Ливан мен Сирияны қатыстыру әрекеттерінің соңғы кезде күшейгендігіне жауап ретінде жасалған қадам болды. Журналистер топтарында былай деп саналуда: бұл әрекеттердің Суэц каналының аймағы салдарынан туған Англия — Египет жанжалын реттеудің бірқатар жаңа, ауыр шарттарын Англия мен АҚШ Египетке қабылдатуға ниеттеніп отырған кезде жасалғандығы тегін емес, ал бұл жаңа шарттар, «Аль-Гумхурия» газетінің айтуынша, Черчилль мен Эйзенхауэр ара-

сындағы Вашингтон келіссөздерінің барысында келісілген.

«Ахбар аль-Яум» газеті былай деп жазған: Салем мен Ливан үкметі Англия — Египет жанжалы туралы және «араб елдерін бір-біріне айдап салуды көздейтін батыс елдерінің саясатына қарсы тұру үшін» қандай шаралар қолдану қажет екені туралы мәселе талқылады.

Келіссөздер аяқталғаннан кейін жарияланған мазмұндамада былай деп көрсетілген: «араб елдері арасындағы қатынастарды нығайту, олардың саясатын сөйкестендіру және барлық салаларда тығыз ынтымақтасу, сойтіп, бұл елдердің проблемаларын шешіп, олардың ұлттық талаптарын жүзеге асыруға жету үшін тиімді қыймылдар жасау қажеттігі туралы толық келісілді».

қай елдерді екендігі жөніндегі мәліметтерді талап еткен.

Лейборист Уинг былай деп сұраған: «Америка әкімдері басқарған американдық самолеттерінің Гватемаланың бейбіт халқын пәлеметтерден атқылап, оларға напалм бомбаларын тастағаны рас па және бұл фактіні үкмет біде ме?».

Сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік министр Селвин Ллойд жалтарып, сұрақтарға тура жауап бермеген. Лейборист Экиннд берген жауаптардың қанағаттанғысыз болуына байланысты қауымдар палатасында Гватемала туралы мәселе жөнінде жарыссөз өткізу керек деп мәлімдеген.

Оңтүстік—Шығыс Азия жөнінде БОЛАТЫН АЛДАҒЫ АҒЫЛШЫН—АМЕРИКАН КЕЛІССӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ «НЬЮ-ЙОРК ГЕРАЛЬД ТРИБЮН» ГАЗЕТІНІҢ ХАБАРЫ

НЬЮ-ЙОРК, (СОТА). «Нью-Йорк геральд трибюн» газетінің Вашингтондағы тілшісі Рассельдың хабарына қарағанда, АҚШ пен Англияның өткен аптада Эйзенхауэр мен Черчилль арасында қол жеткен келісімге сәйкес Оңтүстік—Шығыс Азияда соғыс одағын құру жоспарлары туралы осы аптада ресми емес келіссөздер бастайтын ниеті бар көрінеді. Ағылшын-американ келіссөздерін бастайтын дәл мерзім әлі белгіленбеген.

Келіссөздер, деп жазған Рассель, мынадай мәселелерге арналады: «біріншіден, бұл договорға қандай елдер қосылуға тиіс; екіншіден, бұл елдерді қалай іріктеп алу керек және оларды шартқа қатысуға қим шақыруға тиіс; үшіншіден, одақ бойынша қандай міндеттемелер алуға тиіс».

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ**

ОБЛЫСТЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫНДА 9 ИЮЛЬДЕН

КУЗБАСС МУЗЫКАЛЫ КОМЕДИЯ ТЕАТРЫНЫҢ ГАСТРОЛІ басталады

9 ЕРКІН ЖЕЛ
10 КЕТО және КОТЭ
11 ШЕЛЬМЕНКО ДЕНЩИК
12 МАЛИНОВКАДАҒЫ ҚУДАЛЫҚ ТОЙЫ
13 ТРЕМБИТА
14 МАРИКАНЫ БАҚЫТЫ
15 ТЕҢІЗ ТУИНИ
16 ҚЫЗДЫҢ САСКАЛАҚТАУЫ

Барлық спектакльдерге театр кассасында күндізгі сағат 2-ден кешкі сағат 9-ға дейін алдын-ала билеттер сатылады.

3-83 телефон арқылы.
Коллективтерден заявқалар қабылданады.
Спектакльдер кешкі сағат 8-30-да, күндіз сағат 12-де басталады.

Мемлекеттік хауіпсіздендірудің Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасы 1 августа 1955 жылдың егіні үшін күздік егісті ерікті түрде хауіпсіздендіру жөнінде шарт жасасудың мерзімі аяқталатындығын колхоз басқармаларының есіне салады. Сондықтан июль айы ішінде күздік егісті ерікті түрде хауіпсіздендіру жөнінде жасасқан шарттар бойынша тиісті хауіпсіздендіру жарналарын мемлекеттік хауіпсіздендірудің есебіне толық өткізулері, ал, мемлекеттік хауіпсіздендіру инспекциясымен әлі шарт жасаспаған колхоз басқармалары шарт жасасуды тездетулері керек.

Күздік егісті ерікті түрде хауіпсіздендіру жөнінде мемлекеттік хауіпсіздендіру инспекциясынан түсінік алуға болады.

Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 69-үйде тұрушы Гаральд Вильгельмонович Дубс Петропавл қаласы, Базарбаев көшесі 70-үйде тұрушы Любовь Александровна Дубстен айрылатыны жөнінде арыз берді.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КОТОВСКИЙ»

Сағат 4-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МАЛАХОВ ҚОРҒАНЫ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Облыстық кинопрокат бөлімшесі облыс экрандарында «КАРЛ ШВАЛЬКТИҢ ҚАТЕСІ» деген көркемсуретті фильм көрсете бастайды. Фильмді 1953 жылы «Балалар фильмі» киностудиясы жасап шығарған.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02060.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.